



ҚЫТАЙ ЭКОНОМИКАСЫ: ҚҰЛДЫРАУ ШЕГІНЕ ЖЕТТІ МЕ?

2



ҚАЗАҚСТАНДА МАЛ САНАҒЫН ЖҮРГІЗУ КЕРЕК

3



ҚАЗАҚТАРДЫ ҚАЛАЙ ШОҚЫНДЫРДЫ...

12

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №98 (6391) 17 тамыз, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

«SANA BUSINESS FORUM»

Алматыда тұңғыш рет тек мемлекеттік тілде бизнес-форум өтті



Алматыда тұңғыш рет тек мемлекеттік тілде бизнес-форум өткізілді. «Sana Business Forum» деп аталған шараға қаржыгерлер, экономистер және кәсіпкерлер қатысты. Жиынды ұйымдастырушылар форумды экономика, бизнес және қаржы салаларында тәжірибе алмасуға және өзекті мәселелердің шешімін табуға септігін тигізетін кәсіби платформаға айналдыруды көздеді.

8

МЕКТЕПТЕР ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫН БА?

Қала әкімі маңызды әлеуметтік нысандарды аралады

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев жұмыс сапарымен Наурызбай ауданы «Ақжар» ықшамауданындағы №200 мектеп-гимназияның алдағы оқу жылына дайындығымен танысты.

Жазғы демалыс кезінде мектеп ғимаратындағы жөндеу жұмыстары аяқталды. Атқарылған жұмыстың басты нәтижесі – кітапхананы модернизациялау болды. Ерболат Досаев кітапхананы аралап, алматылық оқушылар үшін 1 қыркүйектен бастап жұмыс істейтін Kitar.kz онлайн платформасының қолжетімділігін тексерді. Жаңа үлгідегі кітапханада кітап қорын кеңейтуден және техникалық жарақтандырудан басқа оқушылардың шығармашылық дамуы үшін ыңғайлы алаңдар құрылды. Айта кетерлік жағдай, Алматының 200-ден астам мемлекеттік мектебінде жаңа форматтағы кітапханалар жұмыс істейді. Жөндеу жұмыстарын жүргізу барысында барлығы 100% қамтылады.

«Мектеп жаңа оқу жылына толық дайын. Барлық оқушы оқулықтармен қамтамасыз етілген. Балаларды қабылдауға 66 оқу сыныбы, 150 орынды заманауи асхана және 2 спорт залы, зертханалық кабинеттер әзірленді. Мектепте барлығы 2200 бала оқиды. Ғимарат ішіндегі және іргелес аумақтың периметрі бойынша қауіпсіздік үшін 47 бей-



небақылау камерасы жұмыс істейді», – деді мектеп-гимназия директоры Айнұр Нұрымқызы.

Мектепте инклюзивті білім беру қарастырылған, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кабинеті ашылды.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен педагог-психолог, арнайы педагог, логопед-мұғалім және 4 педагог-ассистент мамандары жұмыс істейді. Мүмкіндігі шектеулі оқушылар үшін лифт қарастырылған.

4

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

17.08.2023

Түнде:

+14+16 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+27+29 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

18.08.2023

Түнде:

+15+17 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+28+30 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

www.almaty-akshamy.kz





БАЙЫПТАМА

Шығыс көршіміздің ауласын дағдарыс елесі кезіп жүр. Соңғы апталарда ел экономикасынан байқалған бірқатар белгілер бұл қорқынышты күшейтті. Экономикалық құлдыраудың әлсіз білгілері көктем де көріне бастаған. Бірақ карантиндік қатаң шектеулерден буып тастаған нарық өз сұранысын біртіндеп қалпына келтіруі мүмкін деген үміт бар еді. Алайда, бұл керісінше болды. Экономиканың көптеген тармақтары тұрақты түрде құлдырады. Көптеген экономистер мен сарапшылар мұны әлем экономикасына әсер ететін қауіпті құбылыс ретінде бағалауда. Сонымен, Қытайда не болып жатыр? Дефляция қаупі расталса, әлем экономикасына қалай әсер етеді? Оған қарсы қандай шаралар жасалуда?

ҚЫТАЙДА
НЕ БОЛЫП ЖАТЫР?

Ең алдымен, көктемдегі экономиканың күрт баяулауы тұрақты үрдіс екені белгілі болғандай. Осы аптадағы мәліметтер Қытай экспортының қатарынан 3 ай, ал импорты қатарынан 5 ай бойы қысқарып жатқанын көрсетті. Бұл тек қауіпті болжамның бір ғана себебі. Бұған қоса, елде азық-түліктен тартып, жылжымайтын мүліктерге дейін көптеген тауар құны арзандау үрдісіне өтті. Бір қарағанда, зат бағасының арзандауы тұтынушылар үшін тиімді жағдай болып саналуы мүмкін. Анығында, бұл алып нарықтың сатып алу қабілетінің айтарлықтай төмендегенін, тіпті дефляцияның белгілері қатарында аталады. Бағаның тұрақты төмендеуі (дефляция) экономика маторы саналатын іскерлік белсенділіктің әлсірегенін көрсетеді.

Бұл жағдай Қытайдың жылжымайтын мүлік нарығында анық байқалауда. Бұған дейін тұрақты түрде өскен жылжымайтын мүлік айдынында пайданы күреп тапқан шабақтардан тартып шортандарға дейін ауыр шығын арқалады. Тіпті, құрылыс саласының алыптары саналатын Country garden, Evergrande Group, Vanke, Sunac China, Poly Development (Қытай жылжымайтын мүлік нарығындағы алдыңғы бестік) обликациялар бойынша пайыздарды өтей алмай жатыр. Осы саладағы көшбасшы Country garden биыл жарты жылда 7,6 миллиард доллар шығынға ұшырады. Анығында, Қытайдағы тұрғын үй нарығында түбі «жарылыс» болатыны ерте болжанған. Бірнеше он жыл бойы үкіметтік инвестиция арқылы құрылыс компаниялары, ірі корпорациялар қалаларды, аудандарды зәулім тұрғын үйлермен толтырды. Ұдайы бағаның өсуі алып сатарлар үшін де табысты бизнес көзіне айналған. Алайда, былтырдан бастап Жапонияның тағдырын қайталады. Аталған нарықтағы көбірішік жарылып, әр шаршы метрі миллиондаған долларға дейін жеткен қалаларда тұрғын үй бағасы жылдам құлады. Осылайша азаматтар мен заңды тұлғалардың инвестициясы ауаға айналып кеткендей болды.

Бағаның тұрақты төмендеуі түптеп келгенде халықтың тұтынушылық шығындарға үнемшілдігінің жоғарылауынан келіп шықты. Бұл іскерлік ынтыны әлсіретті, бизнесті кеңейтуге, жаңа бизнес ашуға, жұмысшылар жалдауға деген ынта мен тәуекелді азайтты. Оның нәтижесі жинала келіп тұтас экономикаға әсер етуде. Бір сөзбен айтқанда, қарапайым азаматтардың санасында ел экономикасының еңіске қарай сырғуына деген үлкен алаңдаушылық бар. Бұған қарама-қарсы азаматтардың банктегі жинақтық депозиттерінің көлемі өскен. Биыл алғашқы жарты жылда банктердегі жинақтың көлемі 12 триллион юаньға (шамамен 720 млрд теңге немесе 1,7 млрд АҚШ доллары) дейін өскен. Бұл соңғы он жылдағы ең жоғары деңгей. Соның өзі көп нәрсені түсіндіріп береді.

КҮДІКТІ КҮШЕЙТКЕН
ҚАДАМ

Экономикалық құлдырауға ұшырады деп кесім жасау әзірге тым ерте. Бірақ бұл болжамды растай түсетін тағы бір оқиға бар. Осы аптада (15 тамыз, сенсенбіде) Қытай Ұлттық статистика бюросы экономикалық өсім мен құлдырауға, ең негізгі әлеуметтік мәселелерді анықтайтын деректерді ашық жариялауды тоқтатты. Соның қатарында



ҚЫТАЙ ЭКОНОМИКАСЫ:

ҚҰЛДЫРАУ
ШЕГІНЕ ЖЕТТІ МЕ?

жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейіне қатысты мәліметтер де бар. Өйткені, жастар арасындағы жұмыссыздық 7 ай бойы қатарынан өсіп жатыр деген болжам бар. Мысалы, 16–24 жас аралығындағы қала жастарының жұмыссыздық деңгейі биыл маусым айында 21,3% рекордтық көрсеткішке жетті (қаңтарда 17,3% болған). Қала тұрғындары бойынша жұмыссыздық деңгейі 5,3 пайызбен салыстырғанда бұл өте ауыр жағдай. Әрі жыл басынан бері ұдайы артып келе жатқан болатын. Әдетте шілде айының көрсеткіші одан да жоғары болуы керек, бірақ Ұлттық статистика бюросы шілде айының есебін көрсетуден бас тартты. Соның өзінде, жастардың жұмыссыздық деңгейі соңғы 4 жыл ішінде екі есеге жеткені бұған дейін де мәлім болған еді.

Дегенмен, соңғы жылдардағы жұмыссыздық деңгейінің өсуіне пандемияның әсері де болды. Бұған қоса, мәселенің тағы бір қыры бар. Ұлттық статистика бюросының өкілі мәлімдегендей, қала жастарының қатарына есептелетін студенттер саны артқан. Былтыр 16–24 жас аралығындағы қала жастарының саны 96 миллион адам болған. Бұлардың арасында 65 миллионы студенттер. Бұл санды мәліметтер қатарына ауылды жерлердегі жастар қамтылмаған. Ал оқу бітіру алдында жұмыс іздеп жүрген студенттерді ресми жұмыссыздар қатарына қосу керек пе, жоқ па деген мәселе көп талқыланды. Ресми тараптың мәліметінше, түлектердің басым көбі жұмыс орындарын алдын ала белгілеп қойған және жоғары оқу орнынан кейін жұмысқа орналасу деңгейі былтырғымен салыстырғанда жақсы. Бірақ бұған да қарсы уәж көп. Айталық, Reuters агенттігінің осы жайындағы хабарында Бейжіңнің соңғы жылдардағы

экономиканы реттеуші шаралары жастарды жұмыспен қамтуды қиындатты деген уәжін келтірген.

ӘЛЕМГЕ ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ?

Не үшін Қытайдағы экономиканың баяулау мұншалық назар аудартты? Себебі, Қытайдағы баяулау әлемдік экономиканы бағалауға тікелей әсер етеді. Әрі әлемдегі ең ірі тұтынушы нарықтағы жағдайдың әсері біз күткеннен салмақты болуы мүмкін. Қытай экономикасы соңғы 40 жылда әлемдік экономиканың өсуінде қозғаушы мотордың бірі болды. Бірнеше он жыл қатарынан тұрақты әрі жоғары өсімнің баламасына айналды. Бұл жаһандық экономикалық өсімнің Қытай экономикасының өсуіне белгілі деңгейде тәуелді қатынасты түзіп шықты. Мысал ретінде халықаралық инвестициялық кеңес беруші тәуелсіз орталықтың бірі BCA Research дерегін келтірейік. Аталған орталықтың бағалауынша, 2012–2022 жылдар арасында Қытай жаһандық экономикалық өсімнің 40 пайызын иелеген. Еуропадағы ең алдыңғы экономикаға ие 20 елдің үлесі 9 пайыз. Ал әлемдегі бірінші экономика саналатын АҚШ-тың өзі жаһандық өсімнің 22 пайызын ғана құраған.

Сондай-ақ, Қытай ең үлкен тұтынушы нарық ретінде де маңызды болып келді. 1,4 млрд халқымен қазірдің өзінде Қытай әлемдегі ең ірі тұтынушы нарық. Үндістан халқының саны одан асып түскенімен, сатып алу қабілеті жағынан салыстырғанда, Қытай шетелдік өндірушілерді өзіне көбірек баурайды. Айталық, Голливудтың кино өндірісінің өзі Қытай нарығын қызықтыру үшін қытайлық актерлерді, China town оқиғаларын немесе Қытай қалаларындағы эпизодтарды өз өніміне кірістіріп жатады. Ал осын-

дағы тұтынушылық шығындардың азаюы бұл қазақстандық құнбағыс майынан тартып, Бразилиядан баратын соя бұршаққа, америкалық ет өнімдеріне, Аустралия мен Африкадан баратын металл рудаларына, соңында тұтас мұнай мен газ секілді энергия тармақтарына дейінгі сұраныстың төмендеуінен дерек береді.

Өткен аптадағы мәлімдемелерінің бірінде АҚШ президенті Жо Байден Қытай экономикасының қазіргі жағдайын «уақыт бомбасы» деп атағаны бар. Байден Қытай билігінің жоғары деңгейдегі жұмыссыздық және жұмыс күшінің қартаюымен күресіп жатқанына көбірек назар аударған. Әрі Қытайдағы жағдай әлем экономикасы үшін қауіпті болуы мүмкін деп ескерткен. Кейбір сарапшылар бұның салдары 1990 жылдардағы Жапонияның дефляциясы әсері және 2007–2008 жылдары АҚШ-та басталған қаржылық дағдарыс әсерімен деңгейлес немесе одан да ауқымды болады деп санайды.

БАҒЫТ БАСҚА АРНАҒА
БҰРЫЛДЫ

О баста карантиндік қатаң шектеулердің бірден алынуы тұтынушылық шығындардың көбейіп, экономиканың барлық тармағына қайта жан бітіреді деп күтілген. Бейжіңнің бұл күткен үміті ақталмады. Соңғы кезде жарқабақтың басында тұрған экономикалық жағдайды реттеп, тұтынушы нарықты және бизнесті ынталандыру шараларын қолға алған. Бұл бағыттағы шығындарын бекіткенін өткен аптада хабарлаған. Алайда, үкіметтік шаралардың нақты қандай механизммен жүзеге асары анық емес. Ол жайындағы ақпарат күңгірт. Бірақ біз Бейжің билігінің экономикалық даму бағытын өзгертілгенін білеміз. Анығында, былтыр күзде белгілі болған. Күздегі халық кеңесінің отырысынан кейін Ши Жиньпін (Си Цзиньпин) өзінің үшінші өкілетті кезеңде ел басқару орнын бекітті. Әрі даму стратегиясын жаңа арнаға бұрды. Нақты айтқанда, «Жоғары өсімді даму» стратегиясы «Жоғары сапалы даму» деп аталатын жаңа стратегияға ауысты. Бұл дегеніміз, экономикалық өсімнің көрсеткіштерімен санаспайтын, кей жағынан жоспарлы экономикаға ұқсап кететін жаңа бағыт деуге болады.

Халықаралық сауданың өзгеруі Қытай билігін ішкі нарыққа сүйенетін жаңа экономикалық бағытқа бет бұруға шабыттандырды. Былайша айтқанда, мемлекеттің жол, көпір, тұрғын үйден тартып, елдегі және шетелдердегі порттарға инвестициялайтын және экспортқа басымдық беретін экономикадан гөрі, ішкі нарыққа бағытталатын экономикаға бет бұрмақ. Бұны жаһандық сауда-экономикалық тізбектің Қытайға тигізетін әсерін жоюға деген түпкі мақсатта құрылған стратегия еді. Алайда, Қытай экономикасы жаһандық тізбектен ештеңе сытылып кете алмайтыны белгілі еді. Оның үстіне тап осындай бетбұрыс кезеңінде ішкі экономикалық тығырыққа тап келіп отырғаны жағдайды тіпті қиындатты.

Шындап келгенде, жастардың арасындағы жұмыссыздық деңгейінің өсуі де осы бетбұрыстың әсерінен. Неге десеңіз, бұған дейін ЖОО-ын бітірген түлектер жылжымайтын мүлік саласы, технология және білім беру секілді салалардан өріс табатын. Үкіметтің экономикалық бағытты өзгертуге қатысты реттеу шаралары бұл салаларға үлкен зиян алып келді де, оған жұмыс істеуге барған жаңа буын жұмыссыздар қатарына қайта ағылды.

Қорыта келгенде, шығыс көршіміздің ауласында кезіп жүрген «елес» көп ұзамай әлем экономикасынан көрініс беруі мүмкін. Бұл ықтимал болжамдардың бірі ғана. Кейбір отандық сарапшылар Қытай экономикасы жарқабағында тұрғанын растағанымен, бірақ түбегейлі кері кету деп санамайды. Ал кейбір бақылаушылар мұны экономикалық даму бағытын жаңарту кезінде қалыпты құбылыстар қатарына жатқызатындар да бар. Дегенмен, іргемізден алып экономиканың біздің елге болған қатынасы жыл сайын артып, қазіргі деңгейде терең ықпалға да ие болды. Сондықтан шығыстағы экономикалық өзгерістер мемлекет пен қоғам өкілдерінің әсіресе, бизнес өкілдерінің сергек қаперінде болуы керек.

Естай БОЖАН,
сарапшы.





САРАПТАМА

ҚАЗАҚСТАНДА МАЛ САНАҒЫН ЖҮРГІЗУ КЕРЕК



Ұлттық санақ дегенде көз алдымызға халық санағы келеді. Сөйтсек, ауыл шаруашылығына да ұлттық санақ жүргізіледі. Елімізде мұндай тәжірибе болған. Алайда, 30 жылда бір рет қана жүргізіліпті. Оның өзіне 15 жыл өтті. Мұндай санақ мындаған жыл бойы мал шаруашылығымен айналысқан халқымыз үшін қажет дүние. Ендеше, өткенге көз жүгіртейік. 15 жылда мал басы өзгерді ме, әлде кері кетті ме?..

МАЛ САНЫ ӘЛІ АЗ

Жалпы, қазақтың тарихында 4 рет ауыл шаруашылық санағы жүргізілген. Ол да болса Патша үкіметі мен революциядан кейін. Ең алғашқысы 1916 жылы өтті. Одан кейінгісі – 1917 жылы, ал соңғысы – 1920 жылы жүргізілген. Бұл санақтар туралы мәлімет өте аз. Себебі, өте қарабайыр әдіснама қолданылған, әрі жиналған мәлімет өңделмеген. Сондықтан ғылыми айналымға ене қоймаған.

Тәуелсіздік алғаннан бері елімізде бір рет ауыл шаруашылығы санағы өтті. Оның өзіне 15 жыл өтті. Санақта ауыл шаруашылық тауар өндірушілер мен өңірлер бойынша ауыл шаруашылық техника саны туралы мәлімет келтірілген. Сондай-ақ, мал және егін шаруашылығы бойынша статистикалық мәлімет толық берілген. Әсіресе, мал санынан бөлек олар қалай бөлінгені туралы, яғни ол кімнің қолында екені көрсетіледі.

Жалпы, сол кездегі санақ пен ұлттық статистика бюросының өткен жылғы мәліметі көңілге қонбайды. Себебі, әлі күнге дейін мал басының саны аз. Тіпті, Кеңес үкіметі кезеңіндегі деңгейге жете алмай келеміз. 1990 жылғы статистика ірі қара мал 9,7 млн болған десе, өткен жылы 8,3 млн-ға жеткен. Өзге мал басы да мәз емес. Қой мен ешкі, ауыл шаруашылық құстар саны мен шошқа да сол деңгейге жетпеген. Керісінше, жылқы мен түйе саны өскен. Жылқы саны 1990 жылы 1,6 млн болса, қазір 3,7 млн-ға жетті. Ал түйе саны 143 мыңнан 254 мыңға өскен.

Мал атауы	1990 ж.	2006-2007 ж.ж.	2022 ж.
Ірі қара мал	9,7 млн	5,6 млн	8,3 млн
Қой мен ешкі	35,7 млн	15,3 млн	21,2 млн
Жылқы	1,6 млн	1,2 млн	3,7 млн
Түйе	143 мың	138 мың	254 мың
Ауыл шар. құстары	59,9 млн	28 млн	49,5 млн
Шошқа	3,2 млн	1,3 млн	706 мың

ХАЛЫҚ ЕТТЕН ГӨРІ НАНДЫ КӨП ТҰТЫНАДЫ

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, қазақстандықтар ет өнімдерінен гөрі нан және жарма өнімдерін көбірек жейді. Бұл бір жағынан, елдің кедейлігінің көрсеткіші. Себебі, әлемдік тәжірибеге сүйенсек, мемлекет халқы кедей болған сайын нан өнімдерін көбірек тұтынады. Екінші жағынан, ет өнімдері өте аз екенін білдіреді.

2015 жылдан қазірге дейінгі статистиканы қарасақ, етті аз тұтынатынымызға көзіміз жетеді. Статистика бюросының мәліметінше, 2022 жылы әр адам жылына 128 келі нан өнімдерін тұтынады екен. Ал етті жылына әр адам 78 келі-

ден тұтынады. Ал жалпы ет тұтыну көрсеткіші 2020 жылы көп болған. Әр адамға шаққанда 83 келіден түскен.

Етті тұтыну көлемі тіпті бүкіл әлемде өсуі мүмкін. Мұндай болжамды Экономикалық әріптестік және даму ұйымы жасап отыр. Олардың болжамы бойынша, 2030 жылға қарай жердегі әр адам жылына 35 келіге дейін ет тұтынады.

Ең өкініштісі, балық және теңіз өнімдерін өте аз тұтынатын халық екенбіз. БҰҰ 2030 жылға қарай балықты тұтыну көрсеткіші өседі деп болжауда. Олардың болжауынша, бұл көрсеткіш әлем бойынша әр адамға жылына 21 кг-ға жетеді дейді. Қазірдің өзінде бұл көрсеткіш 20 кг-ға жеткен.

Қазақстандықтар сонымен қатар, жұмыртқаны да көп тұтынады. Бұл көрсеткіш 2015 жылдан бері ұдайы өсіп келеді. Былтыр әр адам жылына орта есеппен 195 дана жұмыртқа тұтынған.

Жылдар	Нан және жарма (кг)	Ет (кг)	Балық (кг)	Жұмыртқа (дана)
2015	129,8	73,6	11,3	164
2016	130,7	72,9	10,9	164,7
2017	133,7	72,9	10,7	168,5
2018	138,5	77,9	13,2	193,3
2019	136,3	78,9	14,6	194,3
2020	140,3	83,7	15,1	199,1
2021	133,8	82,3	14,8	193,9
2022	128	78,2	14,1	194,6

БАҒАҒА БАҚЫЛАУ ҚАЖЕТ

Қазақстандықтардың басым көпшілігі ірі қара малды тұтынады. Статистика бойынша өткен жылы сиыр етінің орташа көрсеткіші 23 кг болса, жылқы еті 6,3 кг болған. Сондықтан ірі қара мал саны мен оның етінің бағасына мемлекеттік бақылау қажет. Бағаға бақылау дегенде кеңестік реттеу емес, нарықты экономика қағидаларына сүйену қажет.

Осы мақсатта санақтан кейінгі көрсеткіш пен былтырғы санды салыстырдық. Бұл жерде өңірлер бойынша ірі қара мал санына ерекше тоқталдық. Санақтан өткеннен кейін мал саны бүгінгі күні өскен. Және де бұл тенденция бүкіл өңірлерде байқалады. Бұл жағынан Түркістан, Батыс Қазақстан және Абай облыстары көш бастап тұр. Алайда, бұл жерде Шығыс Қазақстан мен Алматы облыстарының бөлінгенін ескерген жөн. Егер ШҚО мен Абай облыстарындағы мал санын бірге есептейтін болсақ, бұл аймақ

бірінші орынға шығады. Мұнда 1,1 млн бас болады. Сол сияқты, Алматы мен Жетісу облыстарында 1,1 млн-ға жетеді. Ал Түркістан облысында 1 млн бас мал бар.

Ірі қара мал саны (өңірлер бойынша)	2006-2007 ж.ж.	2022 ж.
Абай	–	716 мың
Ақмола	389 мың	455 мың
Ақтөбе	421 мың	631 мың
Алматы обл.	722 мың	650 мың
Атырау	153 мың	198 мың
БҚО	422 мың	777 мың
Жамбыл	307 мың	502 мың
Жетісу	–	512 мың
Қарағанды	400 мың	477 мың
Қостанай	516 мың	456 мың
Қызылорда	230 мың	382 мың
Маңғыстау	8,5 мың	20 мың
Павлодар	346 мың	512 мың
СҚО	338 мың	405 мың
Түркістан	642 мың (ол кезде ОҚО)	1 млн
Ұлытау	–	143 мың
ШҚО	754 мың	438 мың
Астана қ.	1,3 мың	252
Алматы қ.	3,4 мың	2,5 мың
Шымкент қ.	–	73 мың

Ірі қара мал басының саны жөнінен Маңғыстау, Ұлытау мен Атырау облыстары көш соңында келеді. Маңғыстау мен Атырауға келер болсақ, мұның себебі түсінікті. Климатқа байланысты бұл өңірлерде ірі қара мал асырау қиын. Есесіне, мұнда түйелердің саны көп. Ал Ұлытау облысында жалпы мал шаруашылығына климаты тура келмейді. Сондықтан да барлық мал түрлерінің саны мұнда аз. Ең көбі жылқылар.

ЖЫЛҚЫ САНЫ ОҢТҮСТІКТЕ АЙТАРЛЫҚТАЙ ӨСКЕН

Жылқы саны бойынша Түркістан облысы көш бастап келеді. Соңғы 15 жылда 3 есе өскен. 2006-2007 жылдары 128 мың болса, былтыр 385 мыңға жеткен. Ал ең жоғары өсім Батыс Қазақстан облысына тиесілі. Осыдан 15 жыл алдын 53 мың бас болса, 2022 жылы 280 мыңға жеткен. Яғни 5 есеге өскен. Бұл көрсеткіш бойынша Маңғыстау, Ұлытау және Солтүстік Қазақстан облыстары көш соңында.

Жылқы саны	2006-2007 ж.ж.	2022 ж.
Түркістан	128 мың (ОҚО)	385 мың
Қарағанды	124 мың	317 мың
Абай	–	325 мың
БҚО	53 мың	280 мың
Ақтөбе	63 мың	271 мың

ЖАЙЫЛЫМ ЖЕР МЕН ЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕСІ БАР

Мал шаруашылығының дамуына кедергілер жеткілікті. Мемлекеттік басқарудағы жүйесіздік, экологиялық апат, су тапшылығы мен жайылым жер және де жем-шөп мәселелері бар. Оның үстіне мындаған жылғы халықтың өмір сүру салты өзгерді. Бір жайылымнан келесі жайылымға маусымдық көшіп жүру мүмкін емес. Қазір белгілі бір шаруа қожалықтарында өседі. Оларды жем-шөппен қамтамасыз ету қажет.

Урбанизация да тоқтар емес. Халық ауылдан қалаға үдере көшуде. Бұл ауылдағы адам ресурсын азайтып, маман даярлауды қажет етеді.

Сондай-ақ, қуаңшылық пен жұт мал шаруашылығын дамытуға кедергі болып отыр. Әсіресе, 2021 жылғы жағдайды еске алған жөн. Сол жылы Маңғыстау мен Қызылорда облыстарында қуаңшылық болып мал қырылды. Ресми мәліметтерге сүйенсек, мал өлімі 1700-ден асқан. Сондықтан үкімет жүйелі жұмысты қолға алуы тиіс. Бұл жерде жоғарыдағы факторларды ескерген жөн.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





ҚҰРМЕТ

МЕЙІРІМДІЛІК –
ЖҮРЕКТЕНӨрт кезінде адамдарды құтқарған
азаматтарға мемлекеттік награда
табысталды

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан Алматыдағы «Ақкент» ықшамауданындағы өрт кезінде адамдарды құтқарған азаматтарға мемлекеттік наградаларды табыстады.

Атап айтқанда, төтенше жағдайда көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы үшін Мемлекет басшысының Жарлығымен «Ерлігі үшін» медалімен «Expro Masters» ЖШС менеджері Тілеужан Ахметханов, «Спарк Электромеханик» ЖШС электрригі Гюнай Шюкря, «Спарк Электромеханик» ЖШС электромеханигі Эльдар Исмаилов, «Gask Construction» ЖШС автокран операторы Йерделен Халил, «Спарк Электромеханик» ЖШС электромеханигі Кенан Мамедов, сонымен қатар, «Frank-Asia» ЖК автокранының операторы Вадим Романов марапатталды.

Ол егер қауіп-қатерге қарамастан, адамдарды құтқару үшін өз өмірін қатерге тіккен азаматтарымыздың батылдығы болмаса, өрттің салдары одан да ауыр болуы мүмкін екенін атап өтті.

«Бұл қайғылы оқиға халқымыздың басқалар үшін қаниалықты бей-жай, жанашыр және тәуекелге баруға дайын екенін көрсетті. Мен сол бір табиғи апат күні айналып өтпеген, өрт сөндірушілерге көмектесуге асыққан барлық жанға алғысымды білдіремін. Дәл осындай адам – жасауы азамат, «Адал азамат» туралы Мемлекет басшысы жақында өткен құрылтайда айтты. Бәріміз мұндай қамқор адам болуға тырысамыз», – деді Ерболат Досаев.

Сонымен бірге, қала әкімі өрттің кәсіби әрі жедел түрде ауыздықтаған өрт сөндірушілерге алғысын білдірді.

Нұр ЖАМАЛ.

ШТАБ ОТЫРЫСЫ

«ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН ЖАЗДА ОЙЛА»

Шаһарда жылыту маусымына дайындық жұмыстары
кесте бойынша жүргізілудеНұржамал
ӘЛШЕВА

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев алдағы жылыту маусымына дайындық бойынша штабтың кезекті кеңесін өткізді. Жөндеу және дайындық жұмыстарының аралық қорытындылары туралы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының, сондай-ақ «Алматы жылу желілері» ЖШС, «Алматытеплокоммунэнерго» ЖШС, «Алматы Су» МКК, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Алатау Жарық компаниясы» АҚ, «Қазтрансгазаймақ» АҚ және т.б. басшылары баяндады.

Қала басшысы Алматының жылыту маусымына дайындығы жіті бақылауда екенін, коммуналдық кәсіпорындар бекітілген кестеге сәйкес барлық дайындық іс-шараларын аяқтауы қажет екенін атап өтті.

Энергетиктердің ақпараты бойынша, қалалық жылу энергетикалық кешеннің жылу беру кезеңіне дайындығы жоспар бойынша жүруде және ол 75,6%-ды құрайды. Бұл ретте газ желілерінің дайындығы – 76,7%, сумен жабдықтау – 80%, электр желілері – 72%. Қаланың қысқы маусымға 100% дайындығы 2023 жылдың 1 қазанына дейін қамтамасыз етіледі.

Осы жылдың жылуаралық кезеңінде Алматыда 17,7 км жылумен жабдықтау, 120 км электрмен жабдықтау, 43 км сумен жабдықтау, 29 км газбен жабдықтау желілері қайта жаңартылып, жөнделуде.

Қазіргі уақытта Алматы қаласының тұтынушыларына үздіксіз жылу беруді қамтамасыз ету үшін «Алматы-жылукоммунэнерго» ЖШС-нің 84 қазандығын жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Дайындық жұмыстары «Алматы электр станциялары» АҚ нысандарында да жүргізілуде, яғни жылыту маусы-



мының ойдағыдай өтуі үшін энергетикалық генерациялайтын жабдық жөндеуде. «ЖЭО-2»-нің 5 қазандығын жөндеу аяқталды, бұл мегаполис тұрғындарын жылыту маусымында жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бекітілген кестеге сәйкес биылғы қараша айына жоспарланған қосымша 3 қазандықты жөндеу жұмыстары қазан айының соңына дейін аяқталатын болады. Бұл іс-шаралар жылыту маусымын уақытылы бастауға және қыркүйек айының соңында айналымды бұруға мүмкіндік береді.

Кеңес барысында Ерболат Досаев

әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлерді күзгі-қысқы кезеңге дайындау мәселесіне ерекше назар аударды. Энергетиктердің дерегі бойынша тұрғын үй қорының дайындығы бекітілген кестеге сәйкес – 59,5%, білім беру объектілері – 76,2%, денсаулық сақтау – 66,4%.

Кеңес қорытындысы бойынша қала әкімі энергетика басқармасына бірқатар тапсырма берді: жылумен жабдықтау объектілеріндегі дайындық жұмыстарының барысын бақылауға, сонымен қатар реконструкциялау аяқталған соң Бостандық ауданының бұрыннан бар 200 мыңнан астам тұтынушысын, сондай-ақ перспективадағы тұтынушылардың (салынып жатқан тұрғын үй кешендерін) жылумен қамтамасыз ететін Южный аудандық қазандығына ерекше назар аударды. Сондай-ақ, қала басшысы биылғы 1 қыркүйекке дейін жол жабындысын және басқа да орындарды қалпына келтіру бойынша барлық жұмысты аяқтау туралы тапсырма берді.

Осы орайда айта кетсек, қалалық нысандарды алдағы жылыту маусымына дайындау мәселелері бойынша кестер ай сайын өткізіліп тұратын болады.

ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ

ӘУЕЖАЙ ТЕРМИНАЛЫ АШЫЛАДЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев пен TAV Airports Holding компаниясының президенті Серкан Каптан Алматы халықаралық әуежайының жолаушыларға арналған жаңа терминалдың құрылыс барысын талқылады.

С.Каптан қазір негізгі құрылыс-монтаж жұмыстары 65%-ға біткенін атап өтті. Құрылыс қарқыны жоғары. Қолданыстағы терминалдың эстакадасы биыл 1 қыркүйекке дейін ашылады. Нысанды пайдалануға беру белгіленген мерзімнен бұрын – 2024 жылы жаз айының басына жоспарланып отыр.

Шаһар басшысы Алматы әуежайында қызмет көрсету сапасына қатысты бірқатар мәселені инвесторға айтып өтті. Алматылықтар мен қала қонақтары бірнеше сағаттық кезекті, жүкті ұзақ күтуді, көлік тұрағының жетіспеушілігі сияқты өзге де ыңғайсыз жағдайға тап болып отыр. С.Каптанның айтуынша, жазғы каникул мен демалыс кезінде рейстердің көбеюіне байланысты қосымша кезек пен кептеліс байқалуы мүмкін. Әуежай әкімшілігі қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша шаралар қабылдады. Жүк желілері жаңартылды, жана кондиция жүйелері орнатылды, жайлы автобустар сатып алынды. Халықаралық жолаушылардың жаңа терминалының ауданы 53,500 м². Ол пайдалануға берілген соң Алматы әуежайының жолаушылар саны жылына 14 млн адамға дейін артады, бұл әуе аялағының жұмысын ретке келтіруге мүмкіндік береді.

Айта кетейік, былтыр Алматы халықаралық әуежайы жылына 2,7 млн адамға есептелген өткізу қабілеті кезінде 7,2 млн жолаушыны қабылдады. Биыл жолаушылар саны 9 млн адамға дейін өседі деп болжануда.

Жаңа терминал ашылған кезде әуежай әкімшілігі ескісін жаңартуды көздеп отыр. Осылайша жаңа терминал тек халықаралық рейстерге, ал қолданыстағы терминал ішкі рейстерге қызмет көрсетеді.

Алматы халықаралық әуежайын кеңейту жөніндегі ауқымды жоба жолаушылар терминалы мен жалпы мақсаттағы авиацияның жаңа ғимараттарын салуды, сонымен қатар, эстакаданы, ұшу-қону жолағын және вокзал маңы аумағын қайта жаңартуды қамтиды.

Кеңес қорытындысы бойынша тараптар көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға бағытталған бірлескен Жол картасын іске асыру туралы уағдаласты. Ерболат Досаев құрылыс жұмыстарының аяқталуын жеделдету қажеттігін атап, нысанның стратегиялық маңызына байланысты Алматы әкімдігі тарапынан жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін білдірді.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА МЕКТЕПТЕР ДАЙЫН БА?

Қала әкімі маңызды әлеуметтік нысандарды аралады



Суретті түсірген Саяхан ҚҰСАЙЫНОВ.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

(Басы 1-бетте)

Өз кезегінде қалалық білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаева алдағы оқу жылына дайындық 95%-ды құрайтынын, бірқатар мектеп ғимаратында сейсмикалық күшейту жұмыстары аяқталатынын айтты. Жұмыстар кестеге сәйкес жүруде. Тамыз айының соңына қарай 100% дайын болады.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында Алматыда 1–4-сынып оқушылары, сондай-ақ аз қамтылған отбасыдан шыққан бар-

лық оқушы тегін тамақпен қамтамасыз етілген.

Мектепті аралаған Ерболат Досаев жұмыс сапарының қорытындысы бойынша балаларды оқыту үшін барынша жайлы жағдай жасауға қатысты жұмысты жалғастыруды тапсырды, сондай-ақ қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бақылауды күшейту, оның ішінде турникеттер жүйесін енгізу жөнінде бірқатар тапсырма берді.

Қала әкімі «Халықтық бюджетке қатысу» бағдарламасы аясында салынған «Ақжар» ықшамауданындағы Санаторная көшесін-

дегі көпфункционалды балалар алаңына барды. Наурызбай ауданының әкімі Назира Тоғызбаева биыл бағдарламаның бірінші кезеңі аясында 46 жобаны іске асыру жоспарланғанын, осы мақсатқа қалалық бюджет 1,8 млрд теңге бөлінгенін айтты. Екінші кезең жалпы бюджеті 875 млн теңгені құрайтын 16 жобаны іске асыруға бағытталған.

Сондай-ақ, қала басшысы каскадты сорғы станциясына барды. Алматы қаласы энергетика және сумен жабдықтау басқармасының басшысы Талғат Мәлібаевтың айтуынша, бүгінде ықшамаудан тұрғындары сумен толық қамтамасыз етілген. Қазіргі уақытта кәріз желілерін төсеу жүргізілуде, жұмыстар 80% орындалды, аяқталуы қыркүйек айының соңына дейін жоспарланған.



КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ



Өтемақы төленеді

Алматыда коммуналдық қызметке тарифтердің өсуіне байланысты халықтың әлеуметтік осал топтарына өтемақы төленеді. Әлеуметтік көмек көрсету ережесі Алматы әкімінің тапсырмасы бойынша әзірленді.

Коммуналдық желілердің тозуына байланысты тарифтерді көтеру қажет. «Инвестицияға айырбастау тарифі» бағдарламасы аясында бағаның өзгеруі жыл сайын су құбырын, электр және жылу желілерін жөндеуге және ауыстыруға мүмкіндік береді. Өтемақы 2023 жылғы 1 шілдеден 31 желтоқсанға дейін ай сайын 0,5 АЕК (1725 теңге) мөлшерінде төленеді. Бұл сома сумен жабдықтау, су бұру, газ, жылыту және т.б. қосқанда 12 қызмет бойынша тарифтердің өсуін жабады.

Ресімдеу үшін аудандық жұмыспен қамту бөлімдеріне немесе әлеуметтік қызметтер үйіне өтінішпен жүгіну қажет. Мүгедектігі бар адамдар Е-gov электрондық үкімет порталы арқылы өтініш бере алады.

Өтініштер қаралып, оң шешім қабылданғаннан кейін төлемдер өтініш берушінің екінші деңгейлі банкіндегі шотына түседі.

БРИФИНГ

«АЛМАТЫ ЖАСТАРЫ» бағдарламасымен үйлі болған алматылық 200 жас қоныс тойын тойлады

Жыл басынан бері 200 жас алматылық «Алматы жастары» бағдарламасы бойынша баспаналы болып, қоныс тойын атап өтті. Осы жөнінде және тұрғын үй сатып алу мүмкіндіктері мен тұрғын үй құрылысы жинақ қаражаты жүйесі туралы «Отбасы банк» АҚ Алматы қалалық филиалының директоры Данагүл Түсіпова Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте толығырақ айтып берді.



Баспана мәселесіне қатысты құрылған «Алматы жастары» өңірлік бағдарламасы мегаполисте 2017 жылдан бастап іске қосылған. Биыл бағдарлама аясында 1100 азаматқа несие беру жоспарлануда. Естеріңізге сала кетейік, бағдарлама 35 жасқа дейінгі алматылықтарға өз пәтерін сатып алу үшін жеңілдікпен қарыз алуға мүмкіндік береді. 18 млн теңгеге дейінгі мөлшердегі қарыз жылдық 5% жеңілдікпен беріледі.

«Биыл барлығы 1100-ге жуық жас алматылықты қолжетімді шарттар бойынша несиелеу жоспарлануда. Үміткер тізімін қалалық әкімдік құрды, қазір олар төлем қабілеттілігін растап, пәтер таңдау үстінде. Банк қатысушыға заем алу туралы оң шешім шыққан күннен бастап баспана іздеуге 45 күн уақыт береді. Пәтерді Алматы қаласындағы алғашқы немесе екінші нарықтардан, сондай-ақ «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ кепілдігі бар нысандардан сатып алуға болады», – деп атап өтті Д.Түсіпова.

Алматы қаласының әкімдігі мен «Отбасы банкінің» бірлескен жобасына 35 жасқа дейінгі/толған алматылықтар қатыса алады. Өтініштер Алматы қаласындағы мемлекеттік республикалық және қалалық ұйымдарда жұмыс істейтін азаматтардың келесі санаттарынан қабылданады: дәрігерлер мен медбикелер; мұғалімдер мен тәрбиешілер; артистер, жазушылар, суретшілер, композиторлар, мәдениет саласының қызметкерлері; жаттықтырушылар мен спортшылар; университеттер мен ғылыми-зерттеу институттарының оқытушылары мен ғылыми қызметкерлері; әлеуметтік сала қызметкерлері мен қалалық коммуналдық қызмет мамандары; құқық қорғау органдарының қызметкерлері (ҚР ІІМ, ТЖД, қалалық прокуратура, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, Экономикалық тергеу департаменті); журналистер мен БАҚ қызметкерлері

(мемлекеттік және коммерциялық). Үміткерлердің ресми жұмыс өтілі Алматы қаласында соңғы жарты жылдан кем болмауға тиіс.

Биыл жыл басынан бері 273 465 қазақстандық жаңа жинақ шоттарын ашқан. Спикер «Отбасы банкімен» іске асырылатын тұрғын үй құрылысы жинақ қаражаты жүйесі одан әрі несиелеу үшін депозитте қаражат жинауға мүмкіндік беретінін еске салды.

«Оның классикалық ипотекамен салыстырғандағы бірегейлігі мен артықшылығы бұл

қазақстандықтарға жылдық 3,5%-дан 5%-ға дейінгі мөлшерлеме бойынша (ЖТСМ 3,6%-дан басталады) кредитке тұрғын үй сатып алуға мүмкіндік береді. Мұндай мөлшерлемені бірде-бір екінші деңгейлі банктер ұсынбайды. Осылайша тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы жүйесі ипотекалық төлемдерді көтерімді етеді, ал артық төлемді барынша болдырмайды», – деді ол.

Депозитте қаражат жинақталып жатқанда, банк оларға жыл сайын жылдық 2% мөлшерінде сыйақы есептейді және 200 АЕК-тен, яғни 690 000 теңгеден аспайтын сомаға 20% мөлшерінде мемлекет сыйлықақысы есептеледі. Егер бұл сома бір жылда жиналса, онда 2023 жылы ең көп сыйлықақы сомасы 138 000 теңгені құрайды. Осылайша шотта тұрғын үй құнының 50%-ы жинақталса, жетіспейтін 50%-ын банк жылдық 3,5%-дан 5%-ға дейінгі мөлшерлеме бойынша (ЖТСМ 3,6%-дан басталады) кредитке береді.

ӘЛЕУМЕТ

МҮГЕДЕК ЖАНДАР ИГІЛІГІ ҮШІН

Алматыда алғаш рет әлеуметтік нысандарды төлқұжаттау бойынша ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатыр. Деректер inva.gov.kz жүйесіне енгізіледі. Жоба қала әкімі Ерболат Досаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатыр.

Төлқұжат негізінде мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен мүгедектігі бар адамдар үшін нысанды бейімдеу бойынша смета қалыптастырылады. «Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі

орта мерзімді перспективалар» аясында барлығы 75 мың нысанды төлқұжаттау жоспарланған. Мәселен, 2023 жылдың соңына дейін 7,5 мың нысанды, келесі жылы 15 мың нысанды, қалған нысандарды 2030 жылға дейін кезең-кезеңімен төлқұжаттау көзделген.

Жекеменшік нысандарға келсек, деректер бұзушылықтарды жою туралы нұсқама беру үшін Алматы қаласы бойынша Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің департаментіне беріледі (айыппұлдар 120-дан 400 АЕК-ке дейін немесе 414 мыңнан 1, 4 млн теңгеге дейін).

«Бүгінде Алматыда мүмкіндігі шектеулі 55 мың адам тұрады. Оның ішінде 2 мыңы қоларбаны пайдаланады, 2,8 мың адамның – есту, 5,6 мыңының көру қабілеті бұзылған. Нысандарды бейімдеу және барлық облыста инклюзивті орта құру жұмысы жалғасады», – деді Алматы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова.

ЖАЙЛЫ ОРТА

ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН АЯҚТАЛДЫ

Биылғы орташа жөндеу жұмыстары аясында ұзындығы 9 шақырымнан асатын әл-Фараби даңғылының Достық даңғылынан Асқаров көшесіне дейінгі бөлігінде орташа жөндеу жұмыстары жоспарланған болатын.

Алдыңғы орташа жөндеу жұмыстары бұл бөлікте 2010 жылы жүргізілген. Нормативті жөндеуаралық мерзімнің өтуіне байланысты тексеру жүргізіліп, оның барысында асфальтбетон жабынында шұңқырлар, жарықтар торы, ұсақталу түріндегі ақаулар анықталды және жолдың ағымдағы жағдайы туралы техникалық қорытынды жасалды. Техникалық қорытынды негізінде әл-Фараби даңғылын орташа жөндеу жоспарына енгізу туралы шешім қабылданды.

Осылайша шілде айында орташа жөндеу жұмыстары басталып, оны биылғы 31 тамызға дейін аяқтау жоспарланған болатын. Қала тұрғындарына қолайлы болу үшін жұмыстар түнде жүргізілді. Жөндеу барысын жылдамдату

мақсатында жұмыс бригадаларының жұмысы күшейтіліп, көлік жүретін бөлікті 16 тамызда аяқтауға мүмкіндік туындады. Айта кетерлігі, орташа жөндеу жұмыстары барысында көлік жүретін бөлікпен бірге жаяу жүргіншілерге арналған тротуар бөлігі де жөнделді. Тротуарларды жөндеу жұмыстарын 31 тамызға дейін аяқтау жоспарланып отыр.

Қазіргі таңда даңғыл бойында Есентай өзені арқылы өтетін көпірде жұмыстар жалғасып жатыр. Реконструкция аяқталғаннан кейін көлік жүретін бөлікте полимерлі асфальтбетон жабынының жоғарғы қабаты төселетін болады. Жол жұмыстарының басталуы туралы қосымша хабарланады.

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

«Тәуелсіздік ұрпақтары» гранттарын беру жобасы Алматы қаласының тұрақты тұрғыны болып табылатын 14–35 жас аралығындағы жастар бастамаларын жүзеге асыруға бағытталған. Іс-шараның басы-қасында жүрген ұйымдастырушылар Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифинг барысында осы байқау жөнінде толығырақ айтып берді.

ЖАСТАР БАЙҚАУЫНА ҚАТЫСЫҢЫЗ

Гранттар биылдан бастап алғаш рет өңірлік деңгейде берілетін болады. Байқауға өтінімдер 2023 жылдың 15 тамызы мен 10 қазаны аралығында қабылданады. Гранттар жаңа идеялар мен бастамаларды іске асыру үшін конкурстық негізде мынадай бағыттар бойынша беріледі:

- «Ғылым» – ғылымның басым секторларында жаңа ғылыми жобалар мен зерттеулерді іске асыру үшін;
- «Мәдениет» – Қазақстанның мәдени мұрасын танымал етуге, халықтық мәдени дәстүрлер мен өнерді ілгерілетуге бағытталған жобаларды іске асыру үшін;
- «Ақпараттық технологиялар» – жаңа IT-шешімдер мен жобаларды, оның ішінде стартап-жобаларды іске асыру және әзірлеу үшін;
- «Бизнес» – экономиканың басым секторларында жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін;
- «Медиа» – жаңа медиа-жобаларды, оның ішінде жастар үшін танымдық, пайдалы, қызықты контент құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін.

Гранттың мөлшері мен саны әр бағыт бойынша анықталады. Бір гранттың мөлшері 1 млн теңгені құрайды. «Ғылым», «Ақпараттық технологиялар» және «Бизнес» бағыттары бойынша 3 жеңімпаздан, ал «Мәдениет», «Медиа» бағыттары бойынша 2 жеңімпаз анықталады. Жалпы, конкурс аясында 13 үміткердің жеңімпаз атануға мүмкіндігі бар. «Грантты Алматы қаласының Жастар саясаты басқармасының қолдауымен «Алматы Студенттер альянсы» корпоративтік қоры жариялады. Мақсат – белсенді шығармашыл жастар қауымдастығын қалыптастыруға бағытталған жаңа және қолданыстағы жастар бастамаларын мемлекеттік қолдау», – деді гранттарды беру жөніндегі іс-шараны ұйымдастыру жобасының жетекшісі Шырбын Тіленшиева.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.



● ТЫҢ ЖАҢАЛЫҚ

ӨРТКЕ ҚАРСЫ ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

Калифорния орман өртін жасанды интеллекттің көмегімен бақылайды

Өткен айда іске қосылған ALERTCalifornia AI бағдарламасының камерасы Сан-Диегодан шығысқа қарай 50 миль (80 шақырым) қашықтықтағы, бұталы Кливленд ұлттық орманында жергілікті уақыт бойынша таңғы 3-те шыққан өртті байқады.



Калифорниялық өрт сөндірушілер орман өртін анықтауға көмектесу үшін жасанды интеллектті пайдаланып, штат бойынша жоспарлы түрде 1000-нан астам камера орналастырылған.

Өткен айда іске қосылған ALERTCalifornia AI бағдарламасы өз нәтижесін көрсетіп отыр. Ұлттық парк аумағында, 80 шақырым шалғайдағы орманда таңғы 3-те шыққан өртті байқап, мамандарға дабыл қаққан.

«Адамдар ұйқыда жатқанда және түн қараңғысы түпінді жасырып тұрғанда, ол өршіп тұрған өртке ұласуы мүмкін еді. Бірақ AI өрт сөндірушілерге ескерту жасады, ол шамамен 60 өрт сөндірушіні, соның ішінде жеті қозғалтқышты, екі бульдозерді, екі су цистернасын және екі қол бригадасын шақырған. 45 минут ішінде өрт сөндірілді», – дейді Кал Файр.

Сан-Диегодағы Калифорния университетінің инженерлері Чикода (Калифорния штаты) орналасқан DigitalPath компаниясының AI көмегімен әзірлеген платформа штаттағы әртүрлі мемлекеттік мекемелер мен электр желілері 1038 AI камера орнатқан, олардың әрқайсысы қашықтағы операторлардың командасы арқылы 360 градусқа айнала алады.

Жасанды интеллект бағдарламасы 10 шілдеде басталғандықтан, Cal Fire 911 қоңырауы жасалғанға дейін өрт туралы хабарлаудың басқа да мысалдарын келтірді, бірақ оның толық есебі жоқ.

UCSD-тің геология және геофизика профессоры және ALERTCalifornia-ның бас зерттеушісі Нил Дрисколл қорытынды жасау үшін жиналған мәліметтер әлі де тым аз екенін айтты.

Cal Fire бұл технология бір күні әлемнің басқа мемлекеттері мен елдері үшін үлгі бола алады деп үміттенеді, бұл осы маусымда Гавайи, Канада және Жерорта теңізіндегі әдеттен тыс жойқын орман өрттерінен кейінгі тіпті де өзекті бола түсті.

«Оны 100% әлемнің кез келген жерінде қолдануға болады. Әсіресе, қазір біз кеңірек әрі жиі өрт режимдерін және климаттың өзгеруін бастан өткеріп жатырмыз», – деді Cal Fire барлау маманы Сюзанн Лейнингер.

Лейнингер жұмысының бір бөлігі – машинаны үйренуге көмектесу. «Ол AI өрт деп санайтын бейне түсірілімдерді қарастырады, содан кейін «иә» немесе «жоқ» жауабымен оның дұрыс болғанын машинаға айтады. Кез келген құбылыс, атап айтқанда болсақ, бұлттар, шаң, тіпті түтін шығаратын жүк көлігі де жалған нәтиже тудыруы мүмкін. Бірнеше аптаның ішінде жүздеген жаттығудан кейін AI дәлірек болды», – дейді ALERTCalifornia-ның бас зерттеушісі Нил Дрисколл.

Камера желісі басқа көптеген қосымша ақпаратты жинайды, соның ішінде болашақ өрттерді тудыратын өсімдіктердің санын анықтау және жер бетін картаға түсіру үшін

аэросюжет жасау сынды жұмыстар. Ұшақтар мен дрондар да адамның көру қабілетінен тыс инфрақызыл және толқын ұзындығы туралы деректерді жинайды.

Қыс мезгілінде платформа атмосфералық өзгерістер мен қарды өлшей алады. UCSD тобы сонымен қатар өрттің орны және олардың эрозияға, шөгінділердің таралуына, су сапасы мен топырақ сапасына әсері туралы деректерді жинайды.

AI қосымшаларының бұл деректерін осы салаға қатысты кез келген жеке компания немесе академиялық зерттеуші қол жеткізе алады, сайып келгенде, өрт әрекетін модельдеу және қоршаған ортаны зерттеу үшін әлі де көп пайдаланылуы мүмкін.

«Біз қазір экстремалды климаттамыз. Сондықтан біз оларға деректерді береміз, өйткені бұл мәселе өте үлкен», – деді Дрисколл.

Естеріңізге сала кетейік, Абай облысы мен Қостанайдағы өрттен кейін апаттың алдын алуға біздің ТЖМ-да осындай технологиялық мүмкіндіктерді пайдалануына мүдделі болады деген ой-дамыз.



Мейіржан ӘУЕЛХАНҰЛЫ,
IT сарапшы,
журналист.

● ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ӘЛЕУЕТ

ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА ҚИЫНДЫҚТАР БАР



Қаныш Сәтбаев атындағы ұлттық университет базасында «Металлургия және байыту институты» жұмыс істейді. Біз бүгін осы ғылыми-зерттеу институты АҚ-ның бас директоры, техника ғылымының докторы, профессор Бағдәулет Кенжәлиевке жолығып, институт ғалымдарының металлургиялық жаңа технологияларды пайдалануда қол жеткен табыстары туралы әңгімелескен едік.

– Бағдәулет Кенжәліұлы, Қазақстан Президенті Ұлттық құрылтайда ұлттық құндылықтар мен білім және ғылым, креативті индустрия, мемлекеттік қызметкерлерді адалдық пен әділдікке бастайтын қасиеттерге бастамашы болуға үндеген келелі ойлар айтқан болатын. Мемлекет басшысының алқалы басқосуда айтқан ойларын ҚР Металлургия және кен байыту институты қалай жүзеге асыруда?

– Ғылым сиқырының жаңалыққа шақырып тұратыны белгілі. Мұндай жағдайда «ғылым одиссеясы» ойда жоқта ұтыс әкеліп жататын кездер кездеседі. Ғылым саласы эволюциялық шырқау шегіне жеткенде ештеңеге танырқап, таңдай қағуға болмайтын қоғам дәлелдеп отыр. Ұлттық құрылтайда қарастырылған мәселелермен Президент берген тапсырмалар жоспары құрылып, оны жүзеге асыру жолдары түзілген. Ұлттың жаңа форматта ойлайтын ғылыми сапалық деңгейін қалыптастырып, еліміздің кәсіби ғылыми потенциалын дамыту көзделген.

Қазақстан табиғи ресурстарға өте бай ел. Жер ресурстары да жетерлік. Демек, оның айналасынан жаңалық іздей беруді жалғастыра бергеніміз абзал. Оған еліміз ғалымдарының ақыл-ойы жетеді. Мәселе қазіргі заманға сай технологиямен жабдықтауды жалғастыра берудіміз керек. Біз жаңа технологияны ойлап тапқаннан гөрі, оны шетелден сатып алғанды жөн көреміз. Негізінде, мемлекеттің іргетасын қалайтын кірпішінен бастап, қағылатын шегесіне дейін отандық өнім болғанда ғана біз ілгері дамиды боламыз.

– Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Мемлекеттік саясатта талдау, сараптама жасау қызметі сапалы жүргізілуі тиіс» дей келе, бұл жолда қордаланған мәселелерді жан-жақты зерттеулер негізінде шешу қажеттігіне басымдық берді. Сараптау-талдау орталықтары желісін жасақтап, кешенді бағдарлама әзірлеуді ұсынды. Бұл бағытта ғылым мен зерттеуге негізделген саясаттың табысты болатынын ескерткен болатын. Осы жөнінде не айтар едіңіз?

– Жалпы, ғылымда жаңалық ашу үлкен ізденісті талап етеді. Металлургия және байыту институтының ғылыми әзірлемелері металлургия саласының ғылыми-техникалық міндеттері мен мәселелерімен тікелей байланысты және ол Мемлекет басшысының

жаңа технологиялар бойынша ғылыми-зерттеу хабын құру туралы тапсырмасына сәйкес келеді. Осыған орай, құрамында алтын, мыс, алюминий, галлий, скандий, селен, титан, ниобий, хром, марганец, минералды және техногенді күрделі шикізатты өңдеудің ресурсты және энергияны үнемдейтін технологияларын дамытуға бағытталған зерттеулер белсенді жүргізілуде.

Енді ғалымдарымыздың қызықты еңбектері туралы айтып берейін. «Алтынғау Көкшетау» АҚ алтын айыру зауытында өндірістік жағдайда құрамында алтын бар кенді тотықтырғыштардың жаңа түрлерін пайдалана отырып кешенді өңдеу арқылы алтын алу технологиясының тәжірибелік сынақтары жүргізілді. Балқаш мыс қорыту зауытында «ІМіО» АҚ қатысуымен Ванюков пешінде балқыту технологиясы енгізілді. Қазіргі уақытта бұл процесті жетілдіру бойынша зерттеулер жүргізілуде. Редукциялық өңдеуге арналған қосымша аймағы бар пешті әзірлеу, штейнді үздіксіз түрлендіру үшін Ванюков пешін пайдалану, блистерді тікелей өндіру және комбинациялау жұмыстары қолға алынып отыр. Техникалық процестегі мұндай жақсартулар пайдалы компоненттердің алынуын арттырады, өңдеу кезеңдерінің санын қысқартады, қождардағы металл құрамын азайтады және жалпы алғанда өндірілетін мыс көлемін арттырады.

– Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбекұлы еліміздегі жоғары білімінің еңбек нарығы сұранысынан қалып келе жатқанын мәселе етіп көтерген болатын. Осы тұрғыда недей ой қосқан болар едіңіз?

– Өткен ғасырдың басында Алаш қайраткері Жүсіпбек Аймауытов болашаққа көз тастап: «Ғылым білімге қонады, ғылымсыз білім тым құрғақ. ...Адам баласы ұшқыр ой, көп ақыл, өткір сезім қайратының арқасында ғылым, білім, өнер тауып, өзгеден үстем

дүние жүзінің қожасы болып отыр», – деп ұлт қамын жепті.

Біз бүгінгі күні осыған басымдық беріп отырмыз. Тікелей Балқаш мыс қорыту зауытының өндірістік бөлімшелерінде «ІМіО» АҚ қатысуымен жеткіліксіз калориялық құндылығын өтеу үшін әртүрлі қосымша жылу көздерін пайдалану бойынша сынақтар жүргізілуде. Біздің институтта 7,2 га аумақты құрайтын тәжірибелік металлургиялық өндіріс (ОЭМӨ) жұмыс істейді, ол магистранттар мен докторанттарға, студенттерге тәжірибелік сынақтар мен жаңа технологияларды өнеркәсіпке енгізуге дайындауда таптырмас алаңға айналып отыр. Оған Балқаш мыс қорыту зауытының шикізатын пайдалана отырып түрлі зерттеулер жүргізілуде. Іргелі ғылыми зерттеулер негізінде агломерация процесін болдырмайтын және жоғары технологиялық және экономикалық көрсеткіштерді қамтамасыз ететін Көктал кен орындары тобындағы құрамында темір бар бокситтерді өңдеудің инновациялық байер-гидрогартет технологиясы әзірленген. Тәжірибелік гидрометаллургиялық зауыт салынып, онда алюминий тотығы, галлий және ванадий өнімдерінің тәжірибелік партияларын шығару технологиясы сынақтан өтті. Бұл жанашылдықтың Павлодар алюминий зауытындағы балқыту әдісімен салыстырғанда келесі артықшылықтары бар: Қазір отын мен электр энергиясын тұтынуды 35 пайыз, сілтілі реагентті тұтынуды 60 пайыз, атмосфераға зиянды заттарды шығару екі есеге азайту ісі қолға алынып отыр. Бұл технология Республика Президентіне көрсетіліп, таныстырылды.

Өйтсе де, елдегі ғылыми қызметтің дамуындағы оң үдерістерге қарамастан, саланың күрделі мәселелері әлі де назар аударуды қажет етеді. Оның ішінде ғылыми жобаларды жүзеге асыруда қиындықтар бар. Ғылым, машина жасау және технология салаларындағы бәсекелестіктің соңғы нәтижесі беделді журналдарда жарияланған мақалалар мен патенттер ғана болмауы тиіс. Ғалымның жұмысының негізгі нәтижесі тәжірибелік және жартылай өнеркәсіптік сынақтар арқылы оның жұмысын өндіріске енгізу, технологиялық регламенттерді әзірлеу болуы керек.

Әңгімелескен
Ермек ЖҰМАХМЕТҰЛЫ.



АЛМАТЫНЫ БАСҚАРҒАНДАР

Ахмет Әділов шаһарды 1956 жылдан бастап төрт жыл басқарды. Бұған дейін ірі лауазым баспалдақтарынан өтіп келген ол шын мәнінде қоғамда, өз ортасында мойындалған тұлғалардың бірі де, бірегейі еді. Ол тұста Алматыда құрылыс бастау аса мүмкін болмағанмен, бұл істе ол тәуекелге барды. Үлкен құрылыстарды бастады. Сонымен қатар, қала көшелерін тазарту, көріктендіру, жөндеу жұмыстарына Хрущевтің пәрменімен қаражат бөлінбейтін болып, бұл шаруаны қоғамдық негізде атқару керек деген шешім қабылданды.

Тұрғындар, мектеп оқушылары да бұл іске белсене кірісті. Қалада бірыңғай бір қабатты үйлер салынып, «хрущевка» деп аталды. Соның нәтижесінде 10 мың алматылық пәтерлі болды. Орталық стадион, «Целинный» кинотеатры салынып, 11 мектеп пайдалануға берілді. Бұл ел еңсесін енді тіктей бастаған қиын кезеңде айтулы жетістік еді. Ел назарын аударған мына бір оқиғаның қала ғана емес, ұлт руханиятындағы маңызы айрықша болды.

ТЕАТРШЫЛ
ТҰЛҒА

Ол кездегі Абай ескерткішінің тұғыры өте аласа болып, жердегі кісі бойына жетеқабыл еді. Осы бір сырт көзге қораш көрінетін ескерткішті биіктігі туралы Мұхтар Әуезовтің ұсынысы да Аханның ойынан шықпай жүретін. Ақыр соңында ол қалалық кеңестің шешімін шығарып, іске кірісті. Бұл мәселе жөнінде кезінде осы іске белсене араласқан мемлекет қайраткері Хайдар Арыстанбеков өз естелігінде жақсы айтқан.

Бұл кісі туралы сөз бола қалса, әлі күнге дейін көз көргендер «Әділетті Әділов» деген тіркесті қолданбай тұрмайды. Олай дейтін себебі, Ахаң елге айрықша еңбегі сіңген тұлғалардың тағдыры

тартысқа түскенде тартынып қала алмады. Бұл ретте ол жоғары адамгершілік, биік парасат танытты. Мәселен, «Қаныштай асыл ер өткен...» атты мақаласында ғұлама ғалымға жасалған көпе- көрнеу қиянатты ашып жазады.

– Тарих Жезқазғанның марганаеңің жеңіспен бағалады. Ал соны тапқан Қаныш Имантайұлы осы еңбегіне сай әділ бағасын алды ма? Жоқ. Жоғарыдағылардың көздері жетіп, іштері сезсе де, оған жай ғалым ретінде біржақты қарады да қойды. Ерлікпен бара-бар сол бір еңбегін ескеруісз қалдырды. Болмаса тылдағы еңбектері үшін омырауына «Алтын жұлдыз» таққандар аз ба? Ұлы жеңіс әуелі жанқиярлықпен күрескен халықтың, содан соң Жезді марганаеңінің көзін ашқан Қуаныш Имантайұлының арқасында келді десем, асылық болмас. Бүгін мұны мен айтпасам, ертең кім айтады? Қанышқа жасалған осы бір әділетсіздік менің көңілімде қара тасқа айналып, күні бүгінге дейін мазалаумен келеді. Көпті көрген басым бар, талайлармен қызметтес болдық, жолдас болдық. Бірақ солардың ішінен Қаныштай білімді, Қаныштай парасатты, Қаныштай қарапайым, Қаныштай ақыл-ойдың кенішін көрсем жоқ. Сүйегі асыл ер еді ой...»

Ер мінезді, айтқанынан қайтпайтын бірбеткей Аханның осы мақаласындағы ұсыныстардың бірсыпырасы жүзеге асты. Ғұлам ғалымға өзі күні-түні басы-қасында жүріп, саяжай салып берді. Сондай-ақ, Орталық Комитеттің бөлім меңгерушісі кезінде Лениногорск полиметалл комбинатын басқарып тұрғанда үстінен Мәскеуге арыз түсіп, тағдыры қыл үстінде тұрғанда Димекені де ара түсіп, Мәскеуге дейін барып, басын даудан аршып алады.

Әрине, қандай шаһар болсын ең алдымен басшыларды оның әлеуметтік, тұрмыстық жағдайы ойландырса керек. Қаланың бұдан да басқа бітіп болмайтын өз қайнап жатқан қарбалас тіршілігі және бар. Алайда, осы тірлікпен қатар қаланың мәдениетін дамыту, рухани орта қалыптастыру да қай кезде де өзекті болды. Бүгінде Алматыны мәдениет, әдебиет, ғылымның қара шаңырағы десек, оның негізі осы Ахандардың тұсында қаланып, қалыптасты. Бұл ретте оның Мәдениет министрі Ильяс Омаровпен қоян-қолтық, үлкен сыйластықта жұмыс істеуінің нәтижесі зор болды. Қалтай аға Мұхамеджановтың мына әңгімесі де бұл ойымызды нығайта түседі.

– 1959 жылы ақпан айында академиялық драма театрда менің тұңғыш пьесам «Бөлтірік бөрік астынданың» премьерасы болды. Оған Мұқаң бастаған белгілі азаматтар келді. Солардың ішінде жұбайымен, ұзын бойлы, келбеті келіскен бір кісі келіп отырды. Спектакль біткеннен кейін бұл кісілерді директордың кабинетінде кездестірдім, – дейді Қалағаң. – Сөйтсем, әлгі жұбайымен келген Алматы қалалық атқару комитетінің төрағасы Ахмет Әділов екен. Жеңгеміз Ғұлабһрам да бет біткеннің сұлуы болып шықты. Ол жылдары әсіресе, әдебиет, мәдениет қызметкерлері үшін баспана мәселесі қиын болатын. Бір күні Нұрғиса бастаған бір топ адам Аханның қабылдауына бардық. Табан астында түсімізге еңбеген жайға еніп, үйлі-жайлы болып, айдарымыздан жсел есіп шыға келдік. Бұрын-соңды шенеуніктер алдында мұндай көзбе-көз батыл шешімді көрмеген біздерге бұл бір ғажап көрінді. Аханның ел басқарып жүрген басқа басшылардан айырмашылығы – театр премьераларын, концерт залдарындағы жаңалықты қалт жібермейтіндігі. Театрлар мен концерттерге жиі баратын біздерге алдымен қолтықтасқан Ахаң мен жеңгей көрінетін. Өнерге деген құштарлық біздің ел басқарып жүрген азаматтардың басындағы сирек көрініс қой...

Айтса айтқандай, Ахандардың қай-қайсысы да тегін болсын ба?! Бұл кісінің театршыл болуы да өнер адамдары үшін бақ болғаны да күні бүгінге дейін аңыздай айтылады.

Қ.ҚОШҚАРУЛЫ.

ДЕРЕКТЕР МЕН ДӘЙЕКТЕР

АЛҒАШҚЫ АВТОМАТ
АЛМАТЫДА ЖАСАЛҒАН

1942 жылы бақайшағына дейін қаруланған неміс фашистері ортақ Отанымыз Кеңес Одағының қаласы мен даласын түгел жайпап, елімізге тереңдей ентелеп кіріп келе жатты. Кеңес әскері амалсыз шегінген үстіне шегіне берді. Бұл олардың қоянжүрек табансыздығынан емес еді, неміс фашистерінің мұздай боп қаруланған жеңдеттері бет қаратпады. Олардың қаруларының қасында біздің жауынгерлеріміздің қолдарына ұстағаны баланың ойыншығындай болып көрінді. Соның салдарынан соғыста шейіт кеткендер көбейген үстіне көбейе берген. Ал жараланып жатқандардың саны қисапсыз болатын. Олардың көпшілігі ауыр жарақат алып, тылдағы әскери госпитальдерге жөнелтіліп жатты. Осындай әскери госпитальдердің біріне бір күні сол жақ иығы мен кеудесін дөкемен таңып тастаған қарапайым сержант келіп түскен.

ҚАРУ ЖАСАУДЫҢ
АЛҒАШҚЫ ҚАДАМЫ

Жиырмаға толмаған жас жігіттің жүзінен әлі балалықтың табы кетпеген еді. Сондықтан болар, оның қолындағы шимай-шатпақ жазба-сызбаларына күліп қарағандар аз болмады. Ал бұл, шындығын айтқанда, кейіннен әлемнің барлық түкпіріне тарап кеткен Калашников автоматының қағазға түскен алғашқы сұлбасы еді. Иығынан жараланған жауынгер емделу мерзімінде өзі есейіп, ержеткен Қазақстандағы Жетісу жерінің Матай стансасына келді. Балалық уызы бетінен тарай қоймаған Мишаның Матайдағы темір жол депосында істейтін дос-жарандары әлі аз емес еді.

– Тапанша-пулеметке ұқсайтын қолымдағы бұл жазба-сызбалар әлі автоматтың ауылынан алыс нәрсе болатын, қару жасаудың алғашқы қадамдары еді. Оның қару-жарақ құрастыруда өзіндік маңызы болды. Матай стансасындағы достарымның ортасына келдім, жап-жас кезім. Достарым керемет еді. Жаралы болып оралғанда, бір құшақ қылып өзімнің жазба-сызбаларымды ала келгенмін. Қару жасауға қол беруін өтініп бастыққа бардым. Бәлкім, бақытыма қарай болар, депо бастығының тегі де менің тегіммен бірдей – Калашников болатын. Онымен сөйлесіп көріп едім: «Өзің қарашы, қаншама паровоз қирап келіп жатыр, сен болсаң қайдағыны айтасың» дегендей болды. Бірақ шындығында да, темір жол мен қару-жарақ жасаудың ортасы жер мен көктей еді. Байланыс зат жоқ болатын. Сондықтан мұны тоқтата тұруға, ұмыта тұруға тура келді, – деді өзінің Матайға келген кейінгі сапарында генерал-лейтенант Михаил Калашников тебірене.

Бұл кез кәдімгі құсатар мылтықтан айырмасы шамалы винтовка ұстаған кеңестік жауынгерлердің қарудан қиналып жүрген уақыты болатын. Неміс фашистерінің қолындағыдай оқ борап, сайрап тұрған қаруға қол жеткізу бүкіл сарбаздың арманы болды. Өлім мен өмір бетпе-бет келген қанды қырғында жауынгерлердің тағдырын қару күші шешіп жатты. Ал бізде қару-жарақ жетіспейтін, көп жерде, тіпті, екі адамға бір қару еді. Ұлы Отан соғысының алғашқы жылдарында, тіпті, қолына қару ұстамай соғысқан да жауынгерлер болған. Солардың бірі, мәселен, танкішілер еді. Жаяу әскердің өзін қарумен қамтамасыз ете алмай жатқанда, танкішілердің арасында қолына жеке-жеке қару ұстағандары сирек болды.

– Біз ол кезде қару жағынан көп қиындық көрдік. Басқасын айтпағанда, 1942 жылдың маусым айының айналасында, төбемізге ұшып келіп, айналып тұрып алатын неміс фашистерінің итальяндық барлау ұшағына жеткізіп тигізетін оқ пен қару болмады ғой, – дейді бұл жайында әңгіме қозғалған тұста, соғыста танкішілер тобының командирі болған Ұлы Отан соғысының ардагері, зейнеткер Мәулен Арыстанбеков.

МАТАЙДАҒЫ ЖЕРЛЕСТЕРІ КӨП
КӨМЕКТЕСТІ

Майдандағы бүкіл жауынгердің мұң-мүддесі жалғыз адамның жүрегінен жай тапқандай болды. Михаил Тимофеевич күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан қалды. Соғыстың қиын да ауыр күндерін бастан өткерген ол қарудың жеткіліксіздігі мен әлсіздігіне қатты күйзелді. Бар ойы мен мақсаты қайткен күнде де жауынгерлердің сенімді серігі болатын қару жасап шығару болды. Серіппесін бассан, кез келген уақытта сөйлеп қоя беретін қару әрі от пен суға да төзімді болса деп ойлаған еді. Қысқасы, бір оқпен екі қоян атқысы келді.

Михаил Тимофеевичке Матайдағы жерлестері көп көмектесті. Күн сайын соғыстан қирап ағылып келіп жатқан паровоздарды қайта жөндеудің қиындықтарына қарамай, олар үлкен ерлік жасады. Бұл ерліктің аты – сенім еді. Арнайы ешқандай білімі жоқ, қарапайым сержанттың көкейіндегі арманнан бәрі де үміт күтті.



Соның арқасында Матайда алғашқы мылтық дүниеге келген еді. Мылтық дей салғанмен, ол қарабайырлау пулемет-тапанша болатын.

– Мен емделу мерзімінде жүрген болатынмын. Қару-жарақ жасауға кірісіп кеткеннен кейін менің уақытымды ұзартты. Матайда біз екі ай бойына қару жасаумен айналыстық. Осы жерде, тура депоның өзінде атып көріп, сыннан өткізіп жүрдік. Бөлменің ішіне, терезенің астына құм толтырылған қап қойып, соған атып байқап көрдік. Бірақ оның дауысы өте қатты шығатын еді, сондықтан кейіннен айдалаға барып ататын болдық. Онда ешкім болмайтынын білеміз. Мұның бәрін басқалардың жұмыс істеуіне кедергі болмас үшін түнде істейтінбіз. Себебі, біз ата бастасак, қызық көргісі келген жұрт жұмысын тастап, келіп жататын болды. Сол үшін біз сынағымызды түнгі уақыттарда жасайтынбыз, – дейді сөз арасында өзі де қызыға еске алып Михаил Тимофеевич.

СОҒЫС КЕЗІНДЕ ОНЫҢ КӨМЕГІ
ӨТЕ КӨП ТИДІ

Калашников автоматы қолға тигенде, жауынгерлер жоғалтқанын тапқандай болды. Қорғаныс үшін таптырмайтын ең үлкен бір берік қамалдай болды. Олардың қуаныштарында шек жоқ еді. Фашистерге өштенген олар сеніммен, қаймықпай қарсы тұра алатын болды.

– Бұл автоматтың бір кереметі – судың ішінен шықса да, тоқтап қалмай атыла береді. Соғыс кезінде оның көмегі өте көп тиді. Әсіресе, ең алда жүретін жаяу әскерлерге ол үлкен, сенімді серік болды. Қыстың қақаған суығында да, жаңбырлы күндері де, батпақ пен суға малынып жатқан қолайсыз сәттерде де автомат сартылдап жұмыс істей береді. Тот басу, тоқтап қалу дегенді білмейді, өте сәтті ойлап табылған, – дейді соғыстағы танкішілер командирі Мәулен Арыстанбеков.

Алғашқы қарабайыр нұсқасы жасалып біткен соң, Михаил Тимофеевич айналасындағылардың айтуымен әскери комиссариатқа алып барып көрсетеді. Істің байыбына барып үлгермей жатып, «зансыз қаруды тығып ұстап жүрсің» деп, олар бірден қамап тастаған. Михаил Тимофеевич онда үш күндей жатып шығуға мәжбүр болған. Кейіннен барып жоғарыдағы басшылар көмек көрсете бастайды.

– Алдымен қару-жарақ жасаудың бүкіл тарихы 1941-1942 жылдардағы қасіретті дүмпулерден басталғанын айтқым келеді. Нағыз қанды қырғын соғыс жүріп жатқан. Міне, сондай жауапты шақта қолы таңылған жай ғана сержантқа сенім артылды. Біздің өткенімізді, көбіне, жоққа шығарып жатады. Шындығын айтқанда, Алматыдағы Қорғаныс өнеркәсібінің хатшысы көп көмектесті. Ол кезде сондай қызмет бар болатын. Қазақстан Орталық Комитетінің Қорғаныс өнеркәсібі хатшысы Ахметжан Қойшығұлұлы Қойшығұлов еді. Сол кісінің қабылдауында болғанымда, Алматыға көшіп келген Мәскеу әуе жолдары институтының жанындағы шеберханада жақсы үлгісін жасап шығаруға болатынын айтты. Міне, солай көмектескен адамдар болды, оны қалайша ұмытуға болады. Өзімнің кітаптарымда мен оларды, сондықтан да ерекше ілтипатпен атап өттім, – дейді Михаил Тимофеевич Калашников.

Барша әлем мойындаған бір қарудың тарихы осындай. Ол қазір әлемнің 60-қа жуық еліне тараған. Жақсы ниеттегілер де, арам пиғылдағы қарақшылар да бұл автоматқа үлкен құрметпен қарайды. Өйткені, ол әбден уақыт сынынан өткен. Өкінішке қарай, оның қазақ топырағында туғанын біреу білсе, біреу білмейді. Ал ол ең алдымен, Қазақстанның қарапайым ғана елдімекені – Матайда қарапайым мылтық болып туып, Алматыда автомат болып жасала бастаған. Оны ойлап тапқан алтын қолдың иесі – Михаил Калашниковтың өзі де біздің елдің түлегі.

Әнуарбек ӘУЕЛБЕК.



НАРЫҚ



«SANA BUSINESS FORUM»

Алматыда тұңғыш рет тек мемлекеттік тілде бизнес-форум өтті



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

(Басы 1-бетте)

Форумның басты мақсаты – «үкімет, бизнес және ғылым» арасында байланыс орната отырып, ел экономикасының даму мәселелері, сын-қатерлері және мүмкіндіктерін талқылау. Бизнес форумға 50-ден аса сарапшы мен қонақ шақырылып, 300-ден астам қатысушы келді.

«Sana Business Forum» спикерлерінің қатарында Ұлттық экономика

министрлігінен және Ауыл шаруашылық министрлігінің өкілдері болды. Сондай-ақ, экономистер Жақсыбек Құлекеев, Мақсат Халық, «Атамекен» ҚР ҰКП Төралқа төрағасы Райымбек Баталов, «Сентрас Иншуранс» сақтандыру компаниясының персонал жөніндегі директоры Айгүл Қуатқызы, ал кәсіпкерлерден: «Golden Bridge Partners» серіктестігінің негізін қалаушы және директоры Жаңа Post компаниясының негізін қалаушы Болатбек Дәлелханұлы, «QAZHEALTH TRADE» ЖШС директоры Айтуған Мұқашев, SONA lab, Med Progress, Nomad Goldman Logistics, Acvee Finance ком-

панияларының негізін қалаушы Аслан Назаралиев, америкалық AES корпорациясының Арлингтондағы бас кеңсесінде робототехника мен дрондар жөніндегі бағдарламаның жаһандық жетекшісі Әсел Аяпова және өзге де танымал ғалымдар, кәсіпкерлер, экономистер, сарапшылар қонақ ретінде қатысты.

Форумның бағдарламасы ІІІ панельдік сессиядан тұрды. Панельдік сессияларда шағын және орта бизнесті масштабтау, мықты команда құру және кәсіптегі инновациялар тақырыптары аясында баяндамалар оқылып, пікірлер талқыға салынды.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мақсат ХАЛЫҚ, экономист:

ТҰҢҒЫШ РЕТ ҚАЗАҚША

Бұл жиын жақсы өтті деп есептеймін. Жұрт соңына дейін қарап, тыңдап отырды. Біздің форумға келіп, қолдау білдіргендерге алғысымыз шексіз. Қонақтардың арысы АҚШ-тан келді. Қазақ тілді форум жасадық. Шағын және орта бизнесті тақырып етіп алдық. 30 жылда тұңғыш рет тек қазақ тілінде өтті. Көпшілік жұрт маған келіп ойларын айтты. Демек, қазақша бизнес форум жасауға ниеттілер қатары артты деген сөз. Бұл – қуанарлық жағдай. Алдағы уақытта мұндай іс-шараларды жиі өткізу маңызды.

Біздің бизнес форумға келіп қазақша спикерлік жасаған азаматтар ешкімнен кем сөйлемеді. Олар бизнесті, IT, кәсіпкерлік сервисті жақсы біледі. Осыған қолдау білдірген жандарға ризамын. Ең бірінші айтарым, қазақтілді экономикалық ортаны қалыптастыруымыз керек. Сең қозғалды. Қолдау білдірген әрбір жанға алғыс айтамын.

Жасұлан КҮШЕБАЕВ, бизнес кеңесші, MBA бағдарламасының аға оқытушысы:

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК АСА МАҢЫЗДЫ

Қазір Үкімет шағын және орта бизнеске ерекше көңіл бөліп отыр. Осы ретте кәсібін енді бастап келе жатқандарға айтарым, инновацияларды шағын бизнесте қарастырудың қажеті жоқ. Онсыз да қолыңыздағы аз-кем қаржымен мол қаражат табуға болады. Әр кәсіпкер нарыққа тауар емес, құндылық көрсетемін деп ойлауы керек. Құндылықтың басты элементі – сервис. Яғни тұтынушыға сапалы қызмет көрсету керек. Тауар сатып алғанда және алғаннан кейін де қызмет көрсету маңызды. Кәсіпкерлердегі басты мәселе – өздерінің эгосын жоғары қояды. Негізі, азиялық басқару стилінде компаниядағы қызметкерлердің ұсынысына мән береді. Мәселен, «Тойота» компаниясы өз қызметкерлерінің ой-пікірін қатты тыңдайды. Соның арқасында әлемдік бренд қалыптастырып отыр. Еселеп табыс табады.

Ақпараттық қауіпсіздік маңызды. Сіздің тұтынушыларыңыз туралы ақпарат жайылып кетпеуі керек. Бір кездері «Фейсбук» осындай этикалық затты сақтай алмады. Сөйтіп, Марк Цукерберг соттың алдында жауап берді. Үлкен сомдағы айыппұл төледі. Сондықтан ақпараттық қауіпсіздік аса маңызды.

Әсел АЯПОВА, америкалық AES корпорациясының Арлингтондағы бас кеңсесінде робототехника мен дрондар жөніндегі бағдарламаның жаһандық жетекшісі:

БИЗНЕСТІ ДАМУҒА IT МАМАН ҚАЖЕТ

Дүниеде ең мықты екі сала бар. Олар – энергия көздері және жасанды интеллект. Бизнесті дамыту үшін IT маман қажет. Әрине, әлемді таңдандыру мүмкін емес шығар. Алайда, бастапқыда кішкене сайт ашып бастаған жөн. Ешкім баяғыдай телеарна қарап, таңнан кешке дейін шұқшиып отырмайды. Оған уақыт та жоқ. Сондықтан бизнесті бастаған адам, өз кәсібіне заманауи технологияны пайдаланса игі. Өйткені, интернет арқылы жарнама жасасаңыз, бизнес күші қуатты болады.

НЕ?

«СУРЕТ САБАҒЫ»

Өтетін орны:
Айманов көшесі,
126-үй, 405-бөлме.
Күні мен уақыты:
19 тамыз, 13.00.




ҚАЙДА?

«КҮШТІҢ ОЯНУЫ»

Өтетін орны:
Lumiera Cinema
(Абылай хан даңғылы, 62,
«Арбат»).

Күні мен уақыты:
19 тамыз, сағат
10.20.



ҚАШАН?

«МЕНИҢ ҮЙМ ҚАЙДА?»

Өтетін орны:
Lumiera Cinema
(Абылай хан даңғылы,
62, «Арбат»).

Күні мен уақыты:
19 тамыз, сағат 10.50.



ҚАУІП ҚАЙДАН?



Кейінгі
кездері
көптеген ата-ана
тарапынан «баламыз

ойыншықпен ойнағанды білмейді»

деген сөзді жиі естіп жатамыз. Шындығында, бұл сөздің жаны бар. Оның үстіне қазір ойыншықтың түрі көп, әрі балалардың талғамы әрқилы. Қазіргі балалардың тағы бір ерекшелігі, кез келген ойыншыққа алдана қоймайды. Сүйекпен де, таяқпен де ойнап кететін баяғы бала жоқ. Ойыншықпен ойнау – бұл да тәрбиенің бір тармағы.

Ойын арқылы баланың ойы мен бойы өседі. Төңірегін танып, дамиды. Дегенмен, дәл қазіргі кезде баланың қалыптасуына пайдасы бар ойыншықтан гөрі, зияндылары өте көп. Қазіргі нарықта балалар ойыншығы қып-қызыл пайда көзіне айналып отыр. Үлкен базарлар мен сауда кешендеріне, саябақтар мен балалардың ойын алаңдарына барсаңыз, қызыл-жасыл ойыншықтан көз сүрінеді. Өзі жүретін, өзі сөйлейтін ойыншықтар қаншама. Дегенмен, осы ойыншықтардың барлығы арнайы сараптамадан өтіп, руқсатының барына сену қиын.

САПАСЫЗ ОЙЫНШЫҚТАР

бала денсаулығына кері әсерін тигізеді

Мәселен, қазіргі құрамындағы пропеллерді бар ойыншықтарды балалардың қалай пайдалануды білмесі анық. Мұндай қауіпті ойыншықпен ойнап, жарақат алған балалар қаншама. Әсіресе, балалар көбіне өздігінен жүретін ойыншық машиналармен ойнап отырып, қолын жарақаттап жатады. Сондықтан ойыншық таңдаған кезде мұқият тексеріп, пропеллері икемді әрі жұмсақ пластиктен жасалған ойыншықтарды алғаныңыз жөн. Бұл, ең алдымен, балаңыздың өміріне қауіпсіз әрі өзіңіздің де көңіліңіз алаң болмайды. Ойыншық дүкендеріне көбіне қуыршақтар, үй құрып ойнауға, дәрігер ойынын ойнауға арналған жиынтықтарға сұраныс жоғары көрінеді.

Үй ойнаған кезде балалар ас бөлмесіндегі ойыншық пышақ, шанышқы сияқты заттарды дұрыс пайдалана білмей, қолдарын жарақаттауы жиі кездеседі екен. Бала жиынтықтың ішіндегі барлық заттарды пайдаланып көргісі келеді. Кішкентай балалардың «дәрігер» болып ойнауының да келеңсіз тұстары бар. «Бала дәрігердің» жасаған ем-домы, дәрі-дәрмегі кейде мұрынға немесе тыныс алу жолдарына кетіп қалып, өкінішті жайттардың да жиі кездескен сәттері болып жатады. Сондықтан құрамында тым ұсақ заттары бар жиынтықтарды алмағаныңыз жөн.

Кейінгі кездері базарларда үрлемелі дөңгелектер сатылымда жүр. Оның құрамындағы изофорон, фенол, циклогексанон сияқты токсинді заттар баланың терісін тітіркендіріп, аллергиясы болса оны қоздырып жіберуі мүмкін. Сондықтан бұл ойыншықты алғанда абай болып, егер ала қалсаңыз уақытын шектегеніңіз жөн.

Қазір батареялы ойыншықтар да қаптап кеткен. Жалпы, батареялардың қауіпті екені жиі айтылып жүрсе де, оған аса мән бере бермейміз. Шетелдерде пайдалану мерзімі біткен батареяларды қабылдайтын арнайы орындардың болуы тектен-тек емес. Кейде тіпті балалардың батареяларды аузына салып, онымен ойнап отырғанын да көреміз. Ондай кезде «қауіп қайдан» дегеннен басқа не айтасыз? Түймедей батареялардың баланың тамағына, құлағы

мен мұрнына өтіп кеткен де жағдайлар болып жатыр.

Балаңызға батареясы немесе аккумуляторы бар ойыншық алсаңыз, оның сырты пластикалық панельмен жабылған болсын.

Көбіне ұл балалар ойыншық қарулар таңдайды. Бұл олардың табиғатына тән болғандықтан, оның талғамына шектеу қоя алмайсыз. Дегенмен, балалар ойыншық қаруларды қолданған кезде техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтай бер-

мейді. Осыдан келіп көзін, бетін зақымдап алған жағдайлар жиі болып жатады. Мұндай өкінішті жағдай орын алмасын десеңіз, жиынтығында қорғаныш көзілдірігі бар ойыншық қаруды таңдаңыз.

Танымал ойыншықтардың қатарында магнитті конструкторларға да сұраныс жоғары. Магнитті шариктерден құралған танымал конструктордың сыртында көбінесе «+3» деген белгі тұрғанымен, ойыншықтың бұл түрі 14 жастан асқан жас-

өспірімдерге арналған. Кейде балалардың конструкторды тісімен шешпекші болып, шарды жұтып қойған да кезі болған. Мұндай улы заттың ішке түскен соң, ішекті зақымдайтыны анық.

Мамандардың айтуынша, магниттері мықты пластиктің ішінде орналасқан конструкторлардың зияны аздау көрінеді.

Қазір кез келген отбасылық қуанышқа әуе шарларын тарту ету үрдіске айналған. Дегенмен, шарды үрлеген немесе онымен ойнау барысында жарылып баланы шошытып, тіпті есту қабілетін төмендеткен де жағдайлар орын алған. Шардың құрамындағы зиянды заттардан кейде балалар ұланып та қалып жатады. Сондықтан мұндай әуе шарларын балаңыз кем дегенде 8 жастан асқанда әперсеңіз болады. Мұндай әуе шарларын сапасына қарай таңдаңыз. Мейлінше бағасы қымбат болса, өнімнің сапасы да соған сай болады. Мыжылған немесе өткір ісі бар шарларды алмаңыз.

Бір кездері анамыз бесіктің басына сылдырмақ іліп қоятын. Бесіктегі сәби оянып кетіп, жылай бастаса, әлгі сылдырмақты сылдырлата қоямыз. Егер жылауды үдетсе, біз де сылдырмақты барынша сылдырлататынбыз.

Ғалымдардың пайымынша, сол сылдырмағыңыз баланың өзара үйлесімді қимыл-қозғалыс, көру, сезу және есту қабілеттерінің дамуы үшін аса маңызды екен. «Сылдырмақ таңдағанда оның көлеміне де мән берген дұрыс», – дейді ғалымдар.

Жақында басылым бетінен баланың көру қабілетін дамыту үшін ойыншықты төсектің үстіне орнатқан жөн деген ақпаратты оқыдым. Демек, біздің аналарымыз бесікке сылдырмақты бекер орнатпаған екен.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Рахима ИБАШҚЫЗЫ, психолог:

АБАЙ БОЛҒАН ЖӨН!

Қоғамдағы болсын, отбасындағы жағдай болсын бала психикасына өз әсерін тигізеді. Бірден әсер етпегенімен, түбі өз әсерін көрсетеді. Ойыншықтар да сол сияқты. Бала кейде жылап қолындағы ойыншығын лақтырып жібереді. Кей бала ойыншығын құшақтап ұйықтайды. Міне, баланың психикасына теріс әсерін жеткізіп, білдірмей тигізетін, үлкен азамат болып өскеннен кейін көрінетін ойыншықтар бар. Қазір ата-ана оны түсіне бермейді. Бізге келетін ойыншықтардың басым бөлігі – шетелдік тауарлар. Олардың 73 проценті Қытайдан, 16 пайызы Ресей мен Беларусь елдерінен келеді екен. Қазіргі ойыншықтардың сапасы сын көтермейді. Сондықтан абай болған жөн.

Рая
ЕСКЕНДІП,
журналист.



НЕ?


ҚАЙДА?

ҚАШАН?



«СҰҒАНАҚ ЕШКІ»

Өтетін орны:
Мемлекеттік қуыршақ
театры (Пушкин көшесі,
63-үй).
Күні мен уақыты:
20 тамыз, сағат 14.00.



«СӘЛЕМДЕМЕ»

Өтетін орны:
«Керемет» отбасылық
театры («Керемет» ТК,
7-үй, 40-пәтер).
Күні мен уақыты:
20 тамыз, сағат 11.00.

QADAM FEST



Өтетін орны:
Esentai City, De
Montfort University
(әл-Фараби даңғылы,
120/48)
Күні мен уақыты:
20 тамыз, сағат
11.00–21.00.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.



Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 15 тамыздағы
№3/370-486 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің кейбір
қаулыларын жою туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекетік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес және Алматы қаласы прокуратурасының 2019 жылғы 18 қарашадағы №8-14-19 ұсынысы негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулылары жойылсын.
2. Алматы қаласының жер қатынастары басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- 1) Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін;
- 2) осы қаулы «Азаматтарға арналған Үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Алматы қаласы бойынша филиалына мәлімет үшін жіберілсін;
- 3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2023 жылғы 15 тамыз
№3/370-486 қаулысына қосымша

Алматы қаласы әкімдігінің жойылатын
кейбір қаулыларының тізбесі

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 6 желтоқсандағы №4/452-3276 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысы;
2. Алматы қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 26 сәуірдегі №2/200-1094 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысы;
3. Алматы қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 28 тамыздағы №3/440-2517 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаске бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысы.

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 15 тамыздағы
№3/370-487 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты
жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен
шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 29 маусымдағы №7 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәріз сорғы станциясының құрылысы үшін Ершат Аскербасевич Заузаевтың Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Шаңырақ-1» шағынауданы, Қобыланды көшесі, 2/1 үй мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-321-042-677), жалпы ауданы – 0,0890 га жер учаскесінен, ауданы – 0,0044 га жер учаске бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
- 1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
- 2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесінің бөлігін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесінің бөлігін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы
АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 9 тамыздағы №37 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2023 жылғы 15 тамызда №185000 болып тіркелді.

ШЕШІМ

2023 жылғы 9 тамыз

№37

Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына коммуналдық қызметтерге
тарифтердің көтерілуіне байланысты әлеуметтік көмек көрсету және өтемақы
төлеу мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-3 тармағына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына коммуналдық қызметтерге тарифтердің көтерілуіне байланысты әлеуметтік көмек көрсету және өтемақы төлеу мөлшерін белгілеу қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Алматы қаласы
мәслихатының төрағасы

М.ОТЫНШИЕВ

Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына коммуналдық қызметтерге
тарифтердің көтерілуіне байланысты әлеуметтік көмек көрсету және өтемақы
төлеу мөлшерін белгілеу қағидасы

1. Осы әлеуметтік көмек көрсету және Алматы қаласында Коммуналдық қызметтерге тарифтердің көтерілуіне байланысты мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына өтемақы төлеу мөлшерін белгілеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы №504 қаулысына «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулыға сәйкес әзірленді және әлеуметтік көмек көрсету тәртібін айқындайды.

1. Жалпы ережелер

2. Осы Қағидаларда келесі ұғымдар пайдаланылады:
- 1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету, «бір терезе» қағидаты бойынша өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;
- 2) уәкілетті орган – әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын Алматы қаласы аудандары әкімдерінің аппараттары;
- 3) уәчаскелік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін Алматы қаласы аудандарының әкімдері құратын комиссия;
3. Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына Коммуналдық қызметтерге тарифтердің көтерілуіне өтемақы төлеуге әлеуметтік көмек (бұдан әрі – әлеуметтік көмек) ақшалай нысанда көрсетіледі және Алматы қаласында тұрақты тұратын және тіркелген азаматтарға ұсынылады.
4. Әлеуметтік көмек 2023 жылғы 1 шілдеден бастап ай сайын қаржы жылына көрсетіледі.
- Төлем ай сайын әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылданған айдан кейінгі айдың 10-күніне қарай жүзеге асырылады.
5. Әлеуметтік көмек алушылар ұсынылған мәліметтердің дұрыстығына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және
әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі

6. Әлеуметтік көмек тиісті қаржы жылына мұқтаж азаматтардың мынадай жекелеген санаттарына республикалық бюджет туралы заңмен белгіленетін 0,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде кірісті есепке алмай көрсетіледі:
- 1) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне;
- 2) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері;
- 3) жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге;
- 4) бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға;
- 5) мүгедектігі бар баласы (балалары) бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасыларға;
- 6) «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көпбалалы аналарға, көпбалалы отбасыларға;
- 7) мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді, әскери қызметті атқару кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқықтық тәртіпті қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасыларына;
- 8) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 207-бабының 1-тармағына сәйкес жасы бойынша зейнеткерлерге беріледі.
7. Осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген бірнеше санатқа жататын әрбір адамға әлеуметтік көмек тек бір негіз бойынша аударылады.

3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

8. Әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінен немесе отбасы атынан тұрғылықты жерін тіркеу орны бойынша уәкілетті органға немесе «Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі – Басқарма) жеке басын куәландыратын құжатты (жеке басын сәйкестендіру үшін) қоса бере отырып өтініш береді.
- Әлеуметтік көмек алуға өтініш осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес нысанда беріледі.
- Өтініш Басқармаға берілген жағдайда, бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің тіркелген жері бойынша уәкілетті органға қарау үшін беріледі.
- Басқармаға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.
9. Әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындау үшін уәчаскелік комиссияға жібереді.
10. Уәчаскелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға жібереді.
11. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен уәчаскелік комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.
12. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.
13. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:
- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталуы;
- 2) тұрғын үй көмегін алуы;
- 3) осы Қағиданың 6-тармағында көрсетілген санаттарға кірмейтін адамға.
14. Әлеуметтік көмек алушылар өздерінің тұрақты тұрғылықты жерін тіркеу орны бойынша уәкілетті органға оны алу құқығына әсер ететін мән-жайлардың өзгергені туралы 10 күн ішінде хабарлайды.
15. Алушы қайтыс болған жағдайда әлеуметтік көмек төлеу азаматтық хал актілерін тіркеу органдарынан (АХАТ) алынған алушының қайтыс болғаны туралы мәліметтер және (немесе) тізімдер негізінде тоқтатылады.
			045	Елдімекендер көшелеріндегі автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеу	6 101 171,0
		317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	70 231 228,0
			007	Көлік инфрақұрылымын дамыту	46 705 984,0
			016	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	23 525 244,0
		317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	136 345 766,0
			001	Жергілікті деңгейде жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 357 305,0
			008	Метрополитендегі жолаушылар тасымалын субсидиялау	8 078 932,0
			009	Әлеуметтік маңызы бар ішкі қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	66 386 195,0
			011	Жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын салу және реконструкциялау	184 118,0
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	60 339 216,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	20 000,0
			025	Көлік инфрақұрылымын дамыту	20 000,0
13				Басқалар	77 133 205,0
		512		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетикділік және инфрақұрылымдық даму басқармасы	73 040,0
			040	Арнайы экономикалық аймақтардың, индустриялық аймақтардың, индустриялық паркттердің инфрақұрылымын дамыту	73 040,0
		326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	11 342 638,0
			005	2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдау	2 714 710,0
			017	2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба және Басым жобаларға кредит беру тетігі шеңберінде кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау	7 296 083,0
			018	2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба және Басым жобаларға кредит беру тетігі шеңберінде шағын және орта бизнеске кредиттерді ішінара кепілдендіру	372 645,0
			060	Креативті индустриялар саласында жеке кәсіпкерлікті дамыту, креативті кәсіпкерлерді инфрақұрылымын құру үшін қаржыландыру және жағдайлар жасау	959 200,0
		512		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетикділік және инфрақұрылымдық даму басқармасы	686 453,0
			020	Бизнестің жол картасы-2025 бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту	686 453,0
		313		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың цифрландыру басқармасы	3 362 332,0
			096	Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	3 362 332,0
		317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	1 392 053,0
			096	Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	1 392 053,0
		323		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы	1 208 489,0
			096	Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	1 208 489,0
		326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	4 348 942,0
			001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік, өнеркәсіп, инвестициялар және ауыл шаруашылық, ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 423 561,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	550 000,0
			004	Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шеңберінде іс-шараларды іске асыру	1 124 601,0
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	250 780,0
		356		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қаржы басқармасы	34 339 375,0
			013	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органның резерві	31 828 774,0
				Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамааларын жүргізу, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу	2 510 601,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	11 489 774,0
			031	Әкімшілік ғимараттар кешенін салу	10 206 215,0
			048	Қалалардың шетіндегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту	1 283 559,0
		512		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы	6 657 438,0
			096	Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	6 657 438,0
		513		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы	2 232 671,0
			096	Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	2 232 671,0
14				Борышқа қызмет көрсету	5 219 891,0
		356		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қаржы басқармасы	5 219 891,0
			005	Жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету	5 216 330,0
			018	Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	3 561,0
15				Трансферттер	211 811 369,3
		356		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қаржы басқармасы	211 811 369,3
			006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	446 125,2
			007	Бюджеттік алып қоюлар	207 229 679,0
			053	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	4 135 565,1
				III. Таза бюджеттік кредит беру	19 787 230,0
				Бюджеттік кредиттері	21 335 000,0
				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	3 335 000,0
		355		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	3 335 000,0
			063	Жастардың кәсіпкерлік бастамашылығына жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру	3 335 000,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	17 000 000,0
		511		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы	17 000 000,0
			012	Алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру үшін «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі акционерлік қоғамына бюджеттік кредит беру	17 000 000,0
13				Басқалар	1 000 000,0
		326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	1 000 000,0
			007	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ға кредит беру	1 000 000,0
05				Бюджеттік кредиттерді өтеу	1 547 770,0
		1		Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	1 547 770,0
			06	Қарыз алушы банкілерге жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар	1 547 770,0
				IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	74 333 355,0
				Қаржы активтерін сатып алу	74 783 355,0
12				Көлік және коммуникация	12 580 391,0
		317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	12 580 391,0
			019	Метрополитен салуға заңды тұлғалардың жарғылық капиталын ұлғайту	12 580 391,0
13				Басқалар	62 202 964,0
		121		Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	3 081 518,0
			065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	3 081 518,0
		317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	28 318 475,0
			065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	28 318 475,0
		326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	11 000 000,0
			065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	11 000 000,0
		511		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы	4 088 457,0
			065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	4 088 457,0
		512		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы	15 714 514,0
			065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	15 714 514,0
06				Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	450 000,0
		1		Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	450 000,0
			05	Мүліктік көшен түріндегі коммуналдық мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындардың және коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың жедел басқаруындағы немесе шаруашылық жүргізуіндегі өзге мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін түсімдер	450 000,0
				V. Бюджеттік дефицит	-213 870 996,0
				VI. Бюджет дефицитін қаржыландыру	213 870 996,0



ЗЕРДЕ

ҚАЗАҚТАРДЫ ҚАЛАЙ ШОҚЫНДЫРДЫ...

Отаршыл Ресей империясы қоластындағы бодандарын діни танымнан, тілінен ажыратуға барынша тырысты

XIX ғасырда патша үкіметі қазақ даласындағы өз позициясын түпкілікті нығайту мақсатында жергілікті халық арасында да ықпалын арттыру керек деп шешті. Романовтар әулетіне «ақ патшам» деп берілген қазақ сұлтандары мен басқа да ауқатты шен-шекпенділер жеткіліксіз болды. Отарлау саясатын аяусыз жүргізген патшалық әкімшілік жергілікті халықты толықтай рухани тәуелді қылу үшін бар айла-тәсілді қолданды. Бұқара халықты үнемі қарудың күшімен бағындырып, қорқынышта ұстау өте қиынға соқты. Белгілі бір деңгейде аталмыш проблеманы шешу – жергілікті автохтонды халықтың діни ұстанымдарын бұзу деп білді. Сол себепті, орыс православ шіркеу қызметкерлері қоныс аударушы славяндарға ғана емес, діні мен дүниетанымы мүлде бөлек қазақтарға да шіркеу уағызын оқуды жөн көрді.

Православие дініне өткен қазақтарға жеңілдіктер жасалды

Православтық шіркеу шоқынұшылары мен миссионерлердің дін тарату қызметі – Ресей империясының шет аймақтарында тұратын өзге ұлт өкілдерін діни ағымға тартуынан бастау алады. Қазақ даласының Ресей империясы құрамын кіргеннен кейін бұл келеңсіз үрдіс қарқын ала бастады.

Православие үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында мұсылман дініне нұқсан келтіретін бірқатар заң баптарын қабылдады. Сонымен қатар, қазақтардың мүшкіл халін пайдаланған миссионерлер Иса Мәсіх сенімін тарату үшін түрлі әдіс-айаларды қолданды. Мәселен, патша үкіметінің қазақ жерін басқару жөніндегі реформаларында шоқынған қазақтарға біршама жеңілдіктер берілді. Нақтырақ айтсақ, исламнан православие дініне өткен қазақтар ауыл арасында жүріп-тұру қозғалысында жеңілдіктер мен артықшылықтарға ие болды. Мұндағы басты себеп, шоқындып кеткен қазақтар мен исламды берік ұстанған ауылдастарының бір ауылда тұруының қиындауында еді.

Көбінесе шоқынған қазақтар оқшауланып бөлек тұрды немесе орыс деревняларына жақын тұруға тырысты. Берілген жеңілдіктер руластары діннен шыққандарды қабылдамауының орнын толтыруға арналған «өтемақыдай» саналды. Православие дінін жаңадан қабылдағандардың орыс «переселендері» арасында болуы шоқынғандардың тез орыстануына ықпал етті. Осылайша сан ғасырлық мәдениеті мен дүниетанымы қалыптасқан көшпелі халықты отарлап, оны христиандандыру орыстандырумен қатар жүрді.

Әсіресе, шекара шептері мен орыс бекіністері маңына қоныстанған қазақтар орыс православие шіркеуі мен миссионерлердің айтарлықтай ықпалына ұшырады. Мысалы, кейбір қазақтар «Николай Чудотворецтің» иконасы алдында май шам жағып ғибадат жасады. Миссионерлер үшін ең ұтымды сәт – өмірден баз кешіп, тағдыр тәлкегіне түскен қазақтың қасынан табылып, бар мұң-мұқтажын тыңдау еді. Өзге дін өкілдері осындай әдіс- тәсілдерден соң дала қазағын көндіру оңайға соғатынын жақсы түсінді. Рухани әлемі бос, дел-сал болған дала қазағына: «Басыңа іс түсіп киналған сәтінде Исаға бұрылсаң барлық қиындық сенен айналып өтетін болады», – деп сендіруге тырысып бақты. Өкінішке орай, көп жағдайда осындай идеологиялық арбап-алдау өз жемісін де беріп үлгерді.

Миссионерлермен болған осындай «рухани» әңгіме-дүкеннен кейін кейбір қазақтар орыстардан шіркеуде оқылған киелі суларын мал-мүлкіне бүркіп, бәле-жаладан «қорғап» қоюға тырысты. Болмысы мен дүниетанымы төрт түлік малмен астасып кеткен қазақтар үшін малдан айырылу – өліммен тең жағдай. Сондықтан да өзі мен отбасын құтқару жолында кейбір қазақтар құдайға деген сенімін құрбан етуге мәжбүр болды.

Православтық шіркеу қызметкерлерін қазақ даласының әр түкпірінен кездестіруге болатын. Миссионерлердің қыр баласының киналған сәтінде қасынан табылуы арқылы өз діндерінің «артықшылықтарын» көрсетумен әлек болды. 1872 ж. мамырда «Православное обозрение» журналында жарияланған «Несколько слов о возможности учреждения миссии между киргизами Средней Орды» атты мақалада қазақ әйелінің босана алмай толғақтан қатты киналған сәтінде мойнына крест тағып жеңілдепті деген сарындағы оқиға баяндалады. Православие шіркеуінің күші мен орыс құдайының құдіреттілігін паш ету – шіркеу қызметкерлері міндеттерінің бірі болды.

Шоқынудың арнайы миссиясы болған

Шоқынған қазақтар арасында православие дініне берілгендері де болды, тіпті шіркеу қызметкерлері деңгейіне дейін «көтерілген» қазақтар да баршылық. Мұндай кісілер



миссионерлер мен православтық шіркеу өкілдерінің мақтаншы болды. Сондай-ақ, жаңадан бет бұрғандарды әрдайым қолдап, қолпаштап отыратындарын да жасырмады.

Олардың ең басты мақсатының бірі – өздерінде православие дінін ұстанушылар қатарын жергілікті қазақтармен толтыру еді. Орыс православ шіркеуі жоспарында болашақ миссионерлерді автохтонды халық – қазақ халқы өкілінен дайындап шығару. Осылайша отарлау саясаты сынбайтын сексеуілді сексеуілмен ұрып сындыру жоспарын мәжбүрлі түрде жүзеге асырды.

Шоқындыру рәсімінен өткен қазақтар орыс миссионерлерінен айырмашылығы да артықшылығы да сол – олар өз халқының тілін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, психологиясын жетік білуімен құнды кадрлар болып саналды. Жаңа қатарға қосылған «православтар» өз халқының ішіне православие дінін таратудың оңтайлы да ұрымтал сәтін жақсы білді.

Орыс қазақтары мен көпестерінің сатып алған өзге ұлт өкілдерінің жетім балалары миссионерлік қызметте өте қажетті құрал ретінде қолданылды. Мысалы, Патша үкіметінің 1808 ж. 23 мамырдағы Жоғарғы жарлығымен қазақ кедейлерінің балаларын сатуды заңдастырды. Сатып алушының төлем қабілеттілігі мен көңіл күйіне, сатушының сұранысына байланысты баға құбылып отырды. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің құжаттары ішінде мынандай деректер кезігеді: бір саудагер қазақ баласын 25 сомға сатып алса, ал екіншісіне 150 сом төлеген.

1825 ж. жоғарыда аталған «қырғыз, қалмақтарды және басқа азиялықтарды» сатып алу туралы заңның күші жойылғандай болды. 1913 ж. Петропавл қаласы туралы қысқаша тарихи очеркте «әйелдердің жетіспеушілігін толықтыру үшін Батыс Сібірде көрші көшпелілермен қыз балаларды айырбастауға рұқсат етілді» делінген. Осы сұрқия заң аясында қазақ қыздары бала кезінде шоқындыру рәсімінен өтіп, православие шенберінде тәрбиеленгендіктен, орыс халқының тілін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін сіңіріп өсті. Уақыт өте келе есейген бойжеткен православ дініндегі славяндыққа үйленген соң, мүлде өз тамырынан алыстап, ақыры қазақ қоғамынан адасып қалады. Осылайша қаншама қазақ қыздары өз ұлтынан қол үзіп қалды. Қанша ұрпақ жоғалды. Сол жылдардағы қазақтардың қарасы шіркеулерде көптеп кезігетін.

Миссионерлер адамның ауру-сауына қарамай барлығын дінге тартқан. ҚР архивтік қорларында есін білмей эпидемиямен ауырған әйелді ауруы қозған сәтінде мәжбүрлі зорлықпен православиеге кіргізгендігі жазылады. Сол құжаттың бірінде: «...страдала истерико-эпилепсией, вызвавшей припадки умаизступления и совершенно безпамятства», – деп келтіріледі. Осылайша Орыс православие шіркеуінің миссионерге берген құпия нұсқауларының бірі: «Где бы ты ни встретил людей, ты обнаружишь страдания, а если есть страдания, то есть потребность во враче, а если есть потребность во враче, то есть подходящий случай для проповеди», – деген бұйрығы да озбырлықпен орындалды.

Әйелдер де мәжбүрленген

Сондай-ақ, сол мұрағаттық құжаттарда аз уақыттың ішінде 1896 жылдың 2 сәуірінен 5 сәуіріне дейінгі аралықта қазақ әйелінің исламнан православие дініне күштеп ішімдік ішкізу арқылы шоқындыру рәсімі өткізілгені де аты-жөніне дейін анық жазылған. Алайда, сол жылдың қазан айында Жетісу облыстық сот прокурорының тыңдауында Айша Кульджабекованың «Крещена она была обманом, будучи спиваема в течение нескольких дней водкой», – деген шындығы ашылды. Аталған істі тергеу нәтижесінде 3 күн ішінде мұсылман дініндегі адамды адамды православиеге «кіргізген» діни қызметкердің азғындық әрекеті әшкере болды. Ал «Қасиетті Синода жарлығы» заң жобасында болса: «Обусловлено предварительным наставлением желающего

креститься, истинами православной веры в течение 40 дней», – деп жазылған.

Шығыс әйелдерімен салыстырғанда, қазақ әйелі орыс шенеуніктерінің айтуы бойынша: «*Не закрывает своего лица от мужчины и беспрепятственно допускается в общество, где она имеет достаточный вес и значение. Разумно поставленное воспитание ее в русско-православном духе создаст из нее прекрасную нашу союзницу*», – деп сипатталады.

Міне, жоғарыда аталған православ шіркеуінің қолшоқпар көсеуі болған адамның бірі 1877 ж. шоқындырылып, суық суда шомылу рәсімінен өткеннен кейін Мария Кабанова есімін алған қазақ әйел болды. Оның туған кезде қалған аты қолда бар құжаттарда аталмаған. Оған миссионерлік қызметпен айналысатындардың

ықпалы зор болғаны соншалық, ол Мәскеуге барып, православиелік миссионерлер қоғамы кеңесінен оған рухани органдардың рұқсатымен қазақтарды православиеге тартып жатқанын растайтын куәлік беруді сұрайды.

Азаматтық заңның 1-бөлімі 80-бабында қазақ әйелдері үшін дайындалған стратегиялық миссияның дәлелді көрінісі: «Брак, принявшей святое крещение жены магометанина расторгается, а прежний муж магометанин дает обязательство в том, что он не будет имеющих родиться от сего брака детей, которые должны быть крещены в православную веру, приводить в свой закон...» атты заңы еді.

Аталмыш заң жобасы қазақтың сан ғасырлық байырғы салт-санасы мен әдет-ғұрпын мүлде көзге ілмеген менсінбеушіліктің анық айғағы. Себебі, қазақта отағасы – ер адам, одан шежірелік тамырлар бастау алатыны белгілі. Сондай-ақ, қазақ отбасындағы қарым-қатынас ер-азаматтың біржақты басымдылығын қатаң мойындай отырып, өзара сыйластық негізінде құрылған. Ал енді осы сұрқия заң арқылы қазақ ер-азаматының қадір-қасиетін қорлап, қазақы отбасы құндылықтарын құлпаршасын шығарып бұзуға бағытталған. Ал енді бұл заңды құрастырушыларға қазақтың тұрмыс салты беймәлім болды деу қисынға да келмейді.

Мұсылман атанған христиан өкілдері де бар

Ал енді христиандандыру саясатының күтпеген жағы орыс қазақтары мен шаруаларының православиеден исламға өту фактісі болды. Кешегі діндес христиандар арасында мұсылман мигранттарының пайда болуы отарлау саясатымен басы қатқан азаматтық және шіркеу әкімшілігін дүр сілкіндірді.

Шіркеу шенеуніктері шоқынғандардың санын қазақ халқының есебінен көбейтуге әрекеттенген тұста миссионерлердің жоспарына қайшы келетін фактілер де кездесті. Исламды қабылдаған орыс переселендерінің христиан дінінен бас тартуын мұсылман теологтарының ықпалымен немесе олардың қысымымен емес, өз қалауларымен болды деп түсіндірді.

Православиелік миссионерлік қоғамының Орынбор епархиялық комитетінің баяндамаларында орыс коньстанушыларының көп әйел алу, жергілікті қазақтардың тілінде сөйлеу, ислам дінін қабылдау сияқты құбылыстары байқалғанын атап өтеді. Мысалы, миссионер Соколов 1892 ж. жазында Торғай облысындағы орыс қоныстарын аралады. Осы сапар туралы ол баяндамасында: «*Некоторые семьи деревни Бестюбе по 20 лет не исполняют христианского долга исповеди. У крестьянина Егора Зюрикова дети говорят по-киргизски и плохо знают русский язык. Его сын Иван (15 лет) обучался в ауле у мullah*». Соколов за 42 дня объехал 1070 верст и посетил 1596 русских поселенцев, живущих в степи, среди казахов и «почти забывших русский язык». Миссионер, уверенный в том, что русские крестьяне будут влиять на коренных жителей, вынужден был признаться, что увиденное обстоятельство, свидетельствовало об обратном», – деп жазады.

1905 ж. жарлыктан кейін православиеден ислам дінін қабылдағысы келетіндердің саны күрт артты. Ташкенттегі Түркістан епископының есебі бойынша 1907 жылға қарай Түркістанда 500-ге жуық орыс қызы ислам дінін қабылдаған. Бірақ бәрінен де отарлау, орыстандыру, шоқындыру мақсатымен жіберілген орыс шіркеу қызметкерінің де исламды қабылдап жатқаны патша өкіметін қатты састырды. Орыс коньстанушылар түрлі себептермен ислам дінін қабылдады. Православиеден исламға көшу ерікті болды және өмірлерінің соңына дейін ислам дініне адал болып қалды.

Закиш САДУАҚАСОВА,
Тарих ғылымының докторы, профессор.



ХАБАРЛАНДЫРУ

ГАЗ ҚҰБЫРЫ ЖӨНДЕЛЕДІ

Алматыдағы Папанин көшесінде жерасты газ құбырында жүргізілетін жөндеу жұмыстарына орай автокөліктердің жүруі шектеледі.



Бұл шектеу 2023 жылдың 15 тамызы мен 15 қарашасы аралығында Түркісіб ауданының Папанин көшесінің бойында, аталмыш көшенің Беляков көшесімен қиылысынан бастап, Руставели көшесінің қиылысына дейін созылады (Папанин көшесі, 53 А).

Жоғарыда аталған жұмыс Алматы қаласының газ бөлу жүйесінің өткізу мүмкіндігін ұлғайту және жерасты газ құбырларын жаңалау мақсатында жүргізіліп жатыр. Бұл шара өз кезегінде апаттық жағдайлардың азаюына және мегаполис халқына үздіксіз газ беру мүмкіндігінің артуына септігін тигізеді.

Өз бағыт-бағдарыңызды алдын ала ойластыруыңызды және уақытша қолайсыздықтарға түсіністікпен қарауға шақырамыз.

«ҚазТрансГазАймақ» АҚ Алматы өндірістік филиалы.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

МАРШРУТТАР КЕСТЕСІ
ӨЗГЕРЕДІ

Папанин көшесіндегі жерасты газ құбырын реконструкциялау жұмыстарына байланысты осы жылғы 15 тамыз бен 15 қараша аралығында маршруттар қозғалысының уақытша кестесі өзгереді.

КЕСТЕ:

№121 – оңтүстік бағытта – Майлин көшесі – Шемякин көшесі – Рысқұлов даңғылы – Жангелдин көшесі – одан әрі схема бойынша;

№121 – солтүстік бағытта – Жангелдин көшесі – Рысқұлов даңғылы (шығысқа қарай) – «№103 мектеп-гимназия» алдындағы бұрылыс – Шемякин көшесі – Майлин көшесі – одан әрі схема бойынша;

№74 – оңтүстік бағытта – Гете көшесі – Хмельницкий көшесі – Шемякин көшесі – Рысқұлов даңғылы – Жангелдин көшесі – одан әрі схема бойынша;

№74 – солтүстік бағытта – Жангелдин көшесі – Рысқұлов даңғылы (шығысқа қарай) – «№103 мектеп-гимназия» алдындағы бұрылыс – Шемякин көшесі – Майлин көшесі – Писарев көшесі алдындағы бұрылыс – Хмельницкий көшесі – Гете көшесі – одан әрі схема бойынша.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

БІРНЕШЕ КӨШЕДЕ КӨЛІК
ҚОЗҒАЛЫСЫ УАҚЫТША ШЕКТЕЛЕДІ

Алматыда жылу желілерінде жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты бірнеше көшеде автокөліктердің қозғалысы ішінара шектеледі.

2023 жылғы 16 тамыз сағат 10.00-ден бастап Әуезов ауданында Сүлейменов көшесімен (автобус жолағы бойынша) Тоқтабаев көшесінен Пятницкий көшесіне дейін, сонымен қатар, Түркісіб ауданында 16 тамыз сағат 21.00-ден 17 тамыз сағат 06.00-ге дейін Сейфуллин даңғылынан Монтана көшесіне дейін (шығыс бағытта) көлік қозғалысы шектеледі.

Аталған көшелер астындағы магистральдық құбыр учаскесінде жоспарлы жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін уақытша шектеулер енгізіледі.

Уақытша қолайсыздықтарға түсіністікпен қарауды және көрсетілген аумақты айналып өту жолдарын алдын ала қарастыруды сұраймыз.

«АЛМАТЫ ЖЫЛУ ЖҮЙЕСІ» ЖШС.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«ALMATY AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және тұрақты
авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 4 айға – 2402 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 4 айға – 6482 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 4 айға – 1762 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ
ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін post.kz сайтын немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, онлайн ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Ресімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей.

Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша Post.kz. қызметі арқылы жүзеге асырылады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСҚАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және
тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Естай БОЖАН

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы қаласы,
Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

ТАРАЗЫ ЖҰЛДЫЗЫ

Біздің қазақ мұны «Салқын жұлдыз» деп атаған

Тамыз айында өткен жолы айтқанымыздай, бірқатар амал болады, жұлдыздар туады. Шілде өткесін Шолпан жұлдыз таң алдында шығыстан жарқырап туса, күз жиын-терімге қолайлы, қыс шаруаға жайлы болады деген бұрыннан келе жатқан болжам бар. Қазір шілде аяқталып, күздің нышаны сезіле бастады. Осы мезгілде ұйқысын қиып, таңнан бұрын шығысқа көз салған адамның Шолпан жұлдызын аңғарары анық.



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Қазекең таң алдында шығыс оңтүстік жақтан жарқырап көрініп, көкжиекті ерекше жарық етіп тұратын үлкен жұлдызды «Шолпан жұлдызы» деп атаған. Бұл жұлдыздың «алтын жұлдыз», «таңшолпан», «керуен жұлдыз», «таңсөгер», «таңтаңба», «шолпан жұлдыз», «малшы жұлдыз» деген де атаулары болған. Шолпан жұлдызы мен Таңшолпан жұлдызының қатар туғанын көрген адам жеті атасына дейін бақытты, таусылмас дәулетті, мол ырзықты болады, ұзақ өмір сүреді деген ырым-жорамалымыз да жоқ емес...

Бұл екі жұлдызды таңмен таласа ояңған қыз бен жігіт қатар көрсе, екі дүниеде бір-біріне ғашық болып, араларына жамандық кірмей, ұрпақты, ғұмырлы болады деп есептеген.



Тамыздың екінші оқиғасы – шөп қатаятын, гүл «қартайтын» Таразы туады... «Таразы туған түні шөп сабағы дәрі», «ем іздесең таразының шөбін күзе» деген тамаша тәмсіл бар.

Табиғат тамыршысы атанған байырғы бабалар жаз ортасы ауа бастағаннан аспан жұлдыздарына көз тігетін болған. Қай күні аспаннан жарқ етіп Таразы жұлдызы туа қалса, күздік жиын-терімге кіріседі. Малдарды қырдың ақ отына қарай айдап бағады. Бір жұма ойдың көк отына, бір жұма қырдың ақ отына баққан малдың еті мен сорпасы дәріге айналады, емдік қуаты жоғарылайтынын қазекең өмірдің өзі үйреткен.

Қазақ аналары бұл кездегі айран, сүт, құрт, ірімшік, іркіт, шұбатты дәрі ретінде балаларына мейлінше ішкізіп-

жегізеді. Өсіресе, «қымыздың дәмі келді, таразы туды, қымыз дәрі, сары қымыз – ауруға ем дәрі қымыз» деп ұғынған.

Таразы жұлдызы жаз бен қыстың, көктем мен күздің, ыстық пен суықтың, салқын мен жылының арасын таразылап тұрады. Сондықтан бұл жұлдызды қазақ «таразы жұлдызы» немесе «қазы жұлдыз» деп атап кеткен. Таразы жұлдызы туған күннен бастап күздің алғашқы ұсақ маржан, салқын жаңбыры басталады. Қырдың қара оты таразы жаңбырымен қайта жайқалып өсіп толады. Артынан тез сірге айналады. Жайылым малға ерекше жұғымды бола бастайды. Төрт түлік тез қонданады, шілденеді. Шыныланып, жұп-жұмыр болып семіреді...

Биыл қоян жылы екенін естен шығармайық. Бұрын-соңды болмаған небір апатты, қайғы оқиғалар елімізде ғана емес, әлемде орын алып жатыр... Шығыс Қазақстан облысында қар жауды, деп хабарлайды Tengrinews.kz. 14 тамызда таңертең Белуха тауының айналасын қар басып қалды. Синоптиктер облыста дауылды ескерту жариялады. Күндіз аймақтың солтүстігі мен шығысында найзағай күтіледі. Оңтүстік-батыстан соғатын жел облыстың солтүстігінде, шығысында секундына 15–20 метрге жетеді.

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ:

- Ертеңгі күн құлақтанса, еліңді жаса шапқандай қорық, кешкі күн құлақтанса, келінің ұл тапқандай қуан.
- Ай бұлыңғыр болса, жаңбыр жасауатынын, ашық болса, шуақты болатынын білдіреді.
- Жазда құйын көп болса, қыс аязды болады.
- Жаз найзағайлы болса, қыс жайлы болады.

САУАЛНАМА

Бір минутқа созылған күлкі өміріңізді 15 минутқа ұзартады екен. Ғалымдар жиі күлетін адамдардың аурудан тез айығатынын да айтып жүр. Себебі, оптимистердің иммундық жүйесі күйзеліске төзімді келеді, көп ауырмайды деседі.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Күлген кезде беттің 80-ге жуық бұлшықеті жұмыс істеп, қан айналымы жақсарады екен. Демек, кәдімгі күлкінің өзі бетке массаж ретінде әсер етеді. Ал қан айналымы жақсы беттің терісі сұлулығы мен жастығын сақтайды, серпімді келеді. Сонда қыз-келіншектерге көп ақша жұмсап, пластикалық ота жасатқанша, жай ғана күліп жүрсе жеткілікті.

«Күні бойы бір күле алма-саңыз, онда оны зая кеткен күнім деп есептеңіз» деген пәлсапалық сөз бар. Барлық дене қимылының ішіндегі тән мен жанды қоса сілкілейтін күлкі ас қорыту, тыныс алу жолдарына да өте пайдалы. Арамызда саусағыңыздың өзін шошайтып көрсете қалсаңыз, тоқтай алмай, иығы селкілдей, көзінен жас аққанша күлетін тым күлегеш адамдар да бар. Міне, солар өзгелерге қарағанда ұзағырақ өмір сүріп, әрі денеге түсетін әртүрлі кішкене жара, сыздауықтардан тез арылатын көрінеді. Қызық, ә?! Тіпті, әлемде күлкінің біздің денсаулығымызға әсерін, пайдасын зерттейтін «гептология» деген ғылым да бар екен. Адам күлкіге көмілген сәтте сілекейінде азғанын қорғаушы функцияларын ширататын иммуноглобулин ерітіндісі көбейеді дейді



зерттеушілер. Күлгіден кейін бронхыдағы жиналып қалған қақырық пен шырыштың тез жойылатындығы да дәлелденген. Айтпақшы, іші қатып мазасы кететіндерге гастроэнтеролог-мамандар дәріханаға жүгіре бергеннен гөрі, күлкіге көміліп жүруге кеңес береді. Бұл да бір қызық дерек екен.

Иә, күлкі – дәрі дейді ғалымдар. Ал біздің «Сіз өмірде жиі күлесіз бе?» деген сауалымызға кім қалай жауап берді екен, бірге оқиық.

Жарас ҚОЖАСБЕК, жүргізуші:

АСА КҮЛЕГЕШ ЕМЕСПІН

Соңғы рет ішек-сілем қатқанша қашан күлгенім есімде жоқ. Достармен бас қосқанда түрлі тақырыпта анекдоттар айтылады дегендей, сондай кездерде езу тартатын шығармын. Бірақ өзім аса күлегеш емеспін. Әлгі еріксіз күлген анекдоттарымды мен де басқа бір ортада айтып елді күлдірейінші

ЖИІ КҮЛЕСІЗ БЕ?



деп, есіме сақтап алуға тырысқаныммен, ұмытып қала беремін. Соған қарағанда анекдотты айту, жеткізу, елді күлдіру де өнер сияқты ғой.

Сәруар ҚОДАСҚЫЗЫ, зейнеткер:

«СӨЗ ТАПҚАНҒА ҚОЛҚА ЖОҚ»

Кеше ғана бір әңгімені естіп, күлгенім бар риза болып. Қазіргі әңгімеміз көбіне тәрбие, соның ішінде автобуста орын бермейтін жастар туралы болып келеді ғой өзі. Автобустың таяқ ұстаған бір қария мінген ғой. Шынашақтай бір балақай шәниіп отыр дейді, ұртына тыққан құрты, әлде көмпиті бар көрінеді. Сүйкімді баланы көрген ақсақал: «Мұғалімдерің үлкендерге орын беруді үйретпеді ме?», – депті жорта. Сонда әлгі балдырған: «Жоқ, ата, біз әлі «Л» әрпіні өтіп жатырмыз», – деген екен дейді. «Сөз тапқанға қолқа жоқ». Қалай күлмессің?! Кейде осындай болмашы ғана, шынайы әңгімелердің өзі адам жанын нұрландырып жіберетіні бар.

Мақпал ҚЫДЫРХАН, медбике:

«ҚУАНЫШ СЫЙЛАЙСЫҢ»

Қызық сұрақ екен. «Бала-шағама әрең

нан тауып жүргенде күлкі менің не теңім?!» дейтіндер де табылар мына сұрағыңызды естіген кейбір адамдар. Бірақ күлкі дегенде, бұл жерде арсыз, ойсыз күлкіні айтып тұрмаған боларсыз. Жалпы, тұйық болып жүргеннен көңілді болып жүрген жақсы ғой, әсілі. Өзің де мәз болып жүресің – бір, сол арқылы айналады да қуанышқа бөлейсің – екі. «Күлкі адамның өлген клеткаларын тірілтеді, адам өмірін ұзартады» дегенді бір жерден оқығаным бар-ды. Жай айтыла салмаған сөз болар деп ойлаймын. Әрине, адамның қанша уақыт өмір сүретінін, өмірінің қай сәтінде о дүниелік болатынын бір Алла біледі. Бірақ жақсы нәрсеге өзіміз де себепші болып жатсақ жақсы емес пе. Өз басым, орынсыз күлмеуге тырысамын. Ал жайдары жандарға қызығамын, олардың айналасына шуақ шашып жүретіні бар.

Әсет САЛАМАТ, құрылысшы:

«НЕМЕНЕҢЕ ЖЕТІСП КҮЛЕСІҢ?...»

Басымда үш несием бар. Менің банкке бірнеше қарызым барын білетін кейбір достарым «сен осы немененен жетісіп күліп жүресің үнемі» дейді кей-кейде. Қара аспанды төндіріп, қабағыңнан үнемі қар жауып тұрса, қасында адамдардың ұзақ аялдамайтыны анық. Ал әлгі «неге ыржалақтап жүресің» деп мұқатқысы келетіндердің біре-біреуі менің несиемді жауып бермейді ғой. Өз өмірім – өзімдікі, оны мағыналы ету өзіме ғана байланысты. Әкем марқұм өте ақкөңіл, жүрген жерін думанға бөлеп жүретін кісі еді, соған тартқан болуым керек, ажарқынмын. Күліп жүргенді жақсы көремін. Айналамда адамдар да көп жүретінін байқаймын. Ал несиең өзім үшін, отбасым үшін алдым ба, қалайда өтеймін. Күліп жүріп, ешкімге міндетсінбей өтеуге жазсын деймін тек.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН:

«Өмір деген терезеден кіріп, есіктен шыққандай екен» депті бір қария. Мағыналы өмір сүргенге не жетсін! Риясыз күлкі көңілдегі көлеңкені қуады. Мүмкіндігінше күліп жүрейік, достар!

